

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН «АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ»
ОҚУ ПӘНІН (10-11-СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРЕПОДАВАНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА
«НАЧАЛЬНАЯ ВОЕННАЯ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА»
(10-11 КЛАССЫ) ПО ПРОГРАММАМ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ**

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 16 қыргүйектегі № 7 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 16.09.2020 года)

Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 194 б.

Методические рекомендации по преподаванию учебного предмета «Начальная военная и технологическая подготовка» (10-11 классы) по программам обновленного содержания образования. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 194 с.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Ұсындамада 10-11-сыныптарға арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқу бағдарламаларының ерекшеліктері, оқытуды ұйымдастырудың түрлері мен әдістері көрсетілген. Білім мазмұнын жаңарту аясында пәнді оқытуда оқу сабақтарын жоспарлау және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне, пән мұғалімдеріне және мектепте оқу процесін жоспарлау мәселесімен айналысатын мүдделі тұлғаларға бағытталған.

Методические рекомендации разработаны на основе учебной программы по предмету «Начальная военная и технологическая подготовка» в рамках обновления содержания образования. В рекомендации показаны особенности учебной программы предмета «Начальная военная и технологическая подготовка» для 10-11 классов, формы и методы организации обучения. Даны методические рекомендации по планированию и проведению учебных занятий при изучении предмета в рамках обновления содержания образования.

Данные методические рекомендации адресованы руководителям и работникам организаций образования, начальникам и методистам управлений образования, учителям-предметникам и всем, кто интересуется вопросами планирования образовательного процесса в школе.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020.
©Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2020.

КІРІСПЕ

Алғашқы әскери дайындық меншік нысанына, типі мен түріне қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде), кәсіптік-техникалық мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың меңгеруге міндетті оқытылатын пәні болып табылады [1].

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні – білім алушыларды отаншылдық рухпен Отанды қорғауға дайын болуына тәрбиелеуге баса назар аударады. Бұл бағдарлама білім алушыларды әскери қызметтің дағдыларын меңгеруімен қоса әскери іс негіздері мен төтенше жағдайларда адамның өмір қауіпсіздік әрекетінен білім беруіне бағытталған [2].

Әдістемелік ұсынымдаманың құрылымы міндеттердің логикасы мен дәйектілігімен анықталады: жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдаманың негізгі бөлігі үш бөлімнен тұрады:

1-бөлім - «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша (10-11-сыныптарда) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері.

2-бөлім - «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері.

2.1 Қашықтан оқыту жағдайында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытуды ұйымдастыру және өткізу нысандары мен әдістері.

3-бөлім - «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау («есептелінді/есептелінген жоқ») бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік ұсынымдамада оқу орындарында, далалық оқу жиындарында алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарын ұйымдастыру мәселелері, оқу-материал базасын жабдықтауға қойылатын талаптар, оқытылатын тақырыптар тізімімен кестелер берілген, сондай-ақ оқыту әдістері, әр бөлімге тесттік тапсырмалар және т.б. қарастырылған.

Ұсынымдамада берілген сабақ өткізу түрлері мен оларды өткізу әдістері ұсынымдамалық сипатта болып табылады. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушысы жергілікті жердің ерекшеліктерін, оқу-материал базасының болуы мен жағдайларын, жеке тәжірибесін, білім алушылардың дайындық деңгейлерін ескере отырып, Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және үлгілік оқу бағдарламаларында анықталған мақсат-міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ететін басқа да әдіс-тәсілдерді қолдануына болады [2], [3].

1 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша (10-11-сыныптарда) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №556 бұйрығына сәйкес 2018-2019 оқу жылында 16 пилоттық мектептердің 10-шы сыныптары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізілді. 16 пилоттық мектептердің 10-шы сыныптары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробация қорытындысы туралы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының тақырыптық жоспары бойынша мониторинг жасалды.

Ал 2019-2020 оқу жылында 11-шы сыныптары «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері апробациядан өткізу жоспарланып, жалғасын тапты. Апробациядан өткізу 11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы және оқулықтарының сапасын апробациядан өткізу мониторингі кезінде 11-шы сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасына толықтырулар мен өзгертулер енгізілді.

2019 жылдың қараша, желтоқсан айлары мен 2020 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында бағдарлама және оқулық авторларымен 7 кездесу өткізілді. Жұмыс тобында:

- ҚР Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті
- Тұңғыш Президент-Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің жедел-тактикалық дайындық кафедрасы
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы базасында әскери емес Оқу орталығы
- ҚР Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетімен Бағдарлама бірлесіп дайындалды.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша бағдарламаның жаңа редакциясы білім алушыларға Қазақстан Республикасының азаматтарына қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, мемлекет қорғанысы мен әскери қызметтің негіздері туралы нақты түсінік алуға, күнделікті өмірде және табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы әртүрлі қауіпті және төтенше жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде өз білімдерін жүйелеуге мүмкіндік беру жолдарын қарастырды. Қауіп-қатерден қалай сақтану керек, денсаулықты сақтау және нығайту үшін дұрыс шешім табуға көмектесу сияқты сұрақтарға жауап беретін тақырыптарды жүйеледі.

Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жанында құрылған жұмыс тобының апробация қорытындысы негізінде жасалған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізілген Үлгілік оқу бағдарламасының жаңа редакцияланған нұсқасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА жанында құрылған жұмыс тобының апробация қорытындысы негізінде жасалған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Үлгілік оқу бағдарламасының жаңа редакцияланған нұсқасын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бекітуге 2020 жылдың 13 наурызында ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрығына қосымша «Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» (жаратылыстану-математикалық бағытта және қоғамдық-гуманитарлық бағытта) бекітілді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 20456 болып енгізілді).

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылады. Оқу бағдарламасының құрылымы үш тараудан тұрады: Жалпы ережелер; «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру; Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар [3].

Бірінші тарауда Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу жалпы ережелер, нормативтік құқықтық құжаттар және бағдарламаның мақсаты мен міндеттері берілген.

Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін негіз болып табылады:

1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы; [1];

2) «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген); [4];

3) «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі

істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген) [5].

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні – білім алушыларды отаншылдық рухқа және Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеуге бағытталған пән. Ол білім алушылардың төтенше жағдайларда әскери іс негіздері мен адамның өмір қауіпсіздік әрекеті бойынша білім алуына және әскери қызметтің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Пәннің мақсаты – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

Пәннің міндеттері:

1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;

2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;

3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;

4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;

5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу;

6) жеке қауіпсіздік және қоршаған ортаның қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады:

1) теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерін қолдана отырып, әңгімелесу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі;

2) практикалық сабақтар оқулықты, қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін білім алушылар оқығанда:

1) әр азамат өз Отанының қауіпсіздігін және оны қорғаудың қажеттілігі мен маңызын түсінуге;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскери құралымдарында қызмет атқару үшін қажетті білім, білік және дағды алуға;

3) алынған пәндік білім, білік және дағдыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қызмет еткенде қолдануға;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы толық логикалық бір-бірімен байланысты ұғымдар туралы үйлесімді жүйені қалыптастыруға;

5) өзінің дене бітімінің физикалық дамуының іс-әрекет құзыретін жақсарту қажеттілігін бағалауға;

6) жеке адамгершілік қасиеттерін дамытуға және үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуге;

7) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Екінші тарауда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру қаралады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат, сондай-ақ далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативті бөлімнен 30 сағат қарастырылған;

2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат.

Барлық жалпы білім беру мектептерінде меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша құралдар және жиһаздармен жабдықтау нормасына сәйкес көрнекіліктер, көрнекі үгіт-насихат стендтері және техникалық оқыту құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі жетілдіріліп отырады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабағына білім алушылар білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіліп белгіленген киім үлгісінде қатысуы тиіс. Қару макеттері және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі білім беру ұйымдарының есебінен іске асырылады.

Кіріспе сабақты өткізу кезінде білім алушыны әскери қызметке даярлау және Қазақстан Республикасын қорғауға, алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін адамгершілік-жігер, психологиялық және физикалық күшін жұмылдыра білу қажеттілігіне баса назар аударылады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

Әр сабақ сайын білім алушылар әскери анттың рөлі мен маңызын түсінулеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлері мен әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықтарын дамытып, білім алушылардың әскери білім алуларына

деген ұмтылыстарын ынталандыру керек. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршіліктерін реттестіретін заңдар жиынтығы, ал жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметкердің міндеті екендігін түсіндіру қажет.

Тактикалық дайындық алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша оқу материалын кешенді оқытуды қамтамасыз етеді:

1) білім алушылар сабақ кезінде мотоатқыштар бөлімшесінің ұйымдастыру құрылысы және штаттық қару-жарағының ұрыстық мүмкіндіктері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымдары, бөлімдерінің негізгі қару-жарақ түрлері мен әскери техникалар бойынша берік теориялық білім алады, сарбаздың әр түрлі ұрыстағы іс-әрекетіндегі қару және жарықшақты қол гранаталарын қолданудағы практикалық дағдылар шыңдалады;

2) тактикалық дайындықтың практикалық сабақтарында автоматтың макеттері, кіші жүргінші күрегінің, сонымен қатар оқу гранаталардың сөмкесінде бар болуы қарастырылуы тиіс.

Атыс дайындығы бойынша сабақ өткізу кезінде қару және оқ-дәрілерді қолданудың қауіпсіздік ережелеріне баса назар аударған дұрыс:

1) білім алушылар сабақ кезінде атыс қаруының құрылысы, оларды атуға даярлау тәртібі, ату негіздері мен ережесін, қаруды сақтау ережелерін игереді;

2) атыс дайындығының практикалық сабақтарында АК-74 салмақты-пішінді макеті, пневматикалық винтовка, сонымен қатар пневматикалық оқтардың болуы қарастырылады.

Саптық дайындық бойынша сабақтар саптық алаңда өткізіледі:

1) практикалық сабақтарды өткізу барысында саптық тәсілдерді үйрену кезінде оқытушының саптық тәсілді тұтас және бөлшектеп көрсетуіне баса назар аударылады;

2) білім алушылардың жаттығу жасауы міндетті түрде сабақта қарастырылады.

10-сыныпта әскери топография сабақтарын білім алушыларға оқытқанда таныс емес аймақтарда картасыз және картамен бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды, сонымен қатар ұшқышсыз қашықтықта ұшатын аспаптардан алынған ақпараттарды қолдануын үйретуді қарастырады.

10-сыныпта өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технология негіздері бөлімінде – азаматтық қорғау және медициналық білім негіздері сабағында білім алушылар Қазақстан Республикасының халқын бейбіт және соғыс кезіндегі табиғи апаттарда, ірі апаттарда, қасірет пен террористік актіде атқарылатын іс-шаралармен таныстырады.

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.

Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу нәтижелерін бағалау үшін ауызша сұрақ қою, жазба жұмыстың және практикалық жаттығулар бақылауын қолдану арқылы жүзеге асырады.

11-сыныпта технологиялық дайындыққа арналған бөлім жол қозғалысы ережесін және автокөлік құралдарын қауіпсіз жүргізуді зерделеу қарастырылады.

Оқытудың негізгі нысандары теориялық, зертханалық-практикалық, практикалық және бақылау сабақтары болып табылады.

Теориялық және зертханалық-практикалық оқу сабақтарының ұзақтығы – 40 минут, ал міндеттерді белгілеу, қорытынды шығару, құжаттама ресімдеу және білім алушыларды ауыстыру уақытын қоса алғанда, автомобиль жүргізу бойынша практикалық сабақтардың ұзақтығы – 60 минут.

Зертханалық-практикалық сабақтарды үзіліссіз 80 минут ішінде өткізуге рұқсат етіледі.

Теориялық және зертханалық-практикалық сабақтарды оқытушы өткізеді, автомобиль жүргізу бойынша практикалық сабақтарды көлік жүргізуге үйрету шебері білім алушылармен жеке жүргізеді.

Зертханалық-практикалық сабақтар бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материалды зерделегеннен кейін иллюстрациялық және зерттеушілік жоспарда жүргізіледі.

Практикалық сабақ басталғанға дейін білім алушылар негізгі ережелерді орындау мен қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндетті нұсқаулықтан өтеді.

Практикалық жүргізу сабақтары әрбір білім алушылармен жеке автотренажерлерде, автодромдарда (жүргізіп үйренуге арналған алаңдарда) және 3 жылда кемінде 1 рет жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық уәкілетті органда келісуден өткен үйрету бағыттарында өткізіледі.

Білім алушылардың деңгейін анықтау және оның білімін бағалау үшін қорытынды сабақтар өткізіледі, олардың нәтижелері бойынша емтихандарға өздігінен дайындалу үшін ұсынымдар беріледі.

Әрбір оқыту ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты оқытудың оқу жылына есептелген күнтізбелік-тақырыптық жоспары құрылады.

Оқыту процесінде «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі», «Физика», «Биология» «Химия» «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «География», «Дене шынықтыру», «Информатика» оқу пәндерімен пәнаралық байланыс іске асырылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің 10-сыныпқа арналған базалық мазмұны 1-суретте көрсетілген.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің базалық мазмұны 10-сынып	
Кіріспе	1
1-бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі	3
2-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	3
3-бөлім. Тактикалық дайындық	1
4-бөлім. Атыс дайындығы	4
5-бөлім. Саптық дайындық	2
6-бөлім. Әскери топография	2
7-бөлім. Әскери робот техникасының негіздері	6
8-бөлім. Өмір қауіпсіздігінің негіздері және ақпараттық технология (IT)	12
Оқу жылы бойынша сағаттар саны	34

1-сурет. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің базалық мазмұны. 10-сынып.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің базалық мазмұны. 10-сынып.

«Кіріспе сабағы» бөлімі:

1) білім алушыларға «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне оқыту мақсат-міндеттері мен мазмұнын;

2) «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғану», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген), «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген). Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі» бөлімі:

1) Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері – Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтерін;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттерін;

3) Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары – Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың өзіндік сипаттары. Қазіргі әлемдегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаю себептерін қамтиды.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары» бөлімі:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілерін;

2) Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары – Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасауды;

3) Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы – Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалауларды қамтиды.

«Тактикалық дайындық» бөлімі мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері – Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техника. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктерін қамтиды.

«Атыс дайындығы» бөлімі:

1) Калашников автоматы және қол пулеметі – Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмін;

2) Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысын;

3) Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау – Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі.

Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдарын;

4) Жарықшақты қол гранаталары – Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы. Гранатаны лақтыруға дайындауды қамтиды.

«Саптық дайындық» бөлімі:

1) Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс – Сап және оның элементтері. Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. «Сапқа тұр!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Реттел!», «Тоқтат!», «Бас киімдерінді (киімді) ШЕШ!», «Бас киімдерінді (бас киімді) КИ!» пәрмендерін орындауды;

2) Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым – Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адыммен қозғалысты қамтиды.

«Әскери топография» бөлімі:

1) Жергілікті жерде картасыз бағдарлау – Бағдарлау туралы түсінік. Компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме жасауды қамтиды;

2) Магнитті азимутты анықтау – Азимут және оны анықтау. Жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары. Спутниктік-навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтерді қамтиды: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo.

«Әскери роботты техникалардың негіздері» бөлімі:

1) Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануды;

2) Роботтарды басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдерін;

3) Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібін қамтиды.

«Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері» бөлімі:

1) Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы – Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуын;

2) Ядролық қару және оның сипаттамасы – Ядролық жарылыстардың түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары және олардан қорғану тәсілдері. Ядролық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы. Нейтронды оқ-дәрілердің зақымдаушы әсерінің ерекшеліктерін;

3) Химиялық қару – Химиялық қару және оны қолдану белгілері. Улаушы заттар, олардың улағыш қасиеті және олардан қорғану тәсілдері туралы қысқаша түсінік. Химиялық зақымдау ошағы, зақымдаудың алғашқы және екінші аумағын;

4) Биологиялық (бактериологиялық) қару – Биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақымдаушы әсері, қолдану белгілерін анықтау. Бактериологиялық құралдар, олардың улағыш әсері және олардан қорғану құралдары туралы қысқаша сипаттама. Бактериологиялық зақымдау ошағы, оның сипаттамасы. Бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін іс-шаралар. Карантин және обсервацияны;

5) Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары – Жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы. Азаматтық газтұмылдырықтар құрылысының ерекшеліктері. Сауыт-қорғанысты (маска) таңдау, жарамдылығын тексеру, газтұмылдырықты жинау және қалтаға салу. Газтұмылдырықты алып жүру және пайдалану тәртібі, зақымдалған адамға газтұмылдырық кигізу тәсілдері. Жарамсыз газтұмылдырықты пайдалану. Тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдарын;

6) Теріні қорғаудың жеке құралдары – Теріні қорғауға арналған қарапайым құралдар, қосымша герметизациялау және сіндіру арқылы олардың қорғаныс қасиеттерін арттыру. Арнайы қорғаныс киімінің (Л-1 жеңіл қорғаныс кеудеше, сүзгілі қорғаныс киімі, жалпыәскери қорғаныс жабдығы) атқаратын қызметімен және оларды пайдалану ережелерімен танысуды;

7) Ұжымдық қорғану құралдары – Радиацияға қарсы тасалар мен панаханалар, олардың қорғау қасиеттері, жалпы құрылысы және іштей жабдықталуы. Қарапайым тасаны;

8) Эвакуациялау және халықты белгілеп шоғырландыру – Азаматтық қорғаныс дабылы және ол бойынша әрекет ету тәртібі. Эвакуациялау және орналастыру тәсілдері мен тәртібі. Эвакуацияланушылардың міндеттері, олардың керек-жарақтары, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түліктері. Эвакуация бекетіндегі тәртіп, жүру бағыты және орналасатын орынға келу ережелер тәртібін;

9) Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі – Террорлық актілер бойынша қауіп-қатер төнген және террор болған кездегі азаматтардың атқаратын әрекеттері. Түрлі деңгейдегі қауіп-қатер төнген кезде әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіпінің алдын алуда ақпараттық технологияның тиімділігін;

10) Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері – Табиғи апаттар, зілзалалар, олардың сипаттамалары және келтіруі мүмкін салдары. Табиғи апаттар және зілзалалар кезіндегі адамдардың әрекет ету тәртібі. Адамдардың табиғи апат салдарын жоюға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысуларын;

11) Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек – Жарақат және олардың асқыну себептері туралы түсінік. Қансырау түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық деңгейлері. Естен танудың себебі. Жарақат алу және қансыраған кезде көрсетілетін алғашқы көмек. Асептика және антисептика туралы түсінікті;

12) Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек – Сүйектің сынуы және оларды анықтау туралы түсінік. Соғып алу, шығып кету, буынның созылуы және оларды анықтау белгілері. Шина салудың

негізгі ережелері. Түрлі қайғылы оқиға орын алған кезде алғашқы көмек көрсету тәсілдері; Үсік шалу, күнге күйу және жылудың әсері, олардың алдын алу және көрсетілетін алғашқы көмек. Электр тогы соққан кезде көрсетілетін алғашқы көмек және көмек көрсеткен кезде сақтауы керек қауіпсіздік шараларын қамтиды.

10-сыныпқа арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің тақырыптық жоспар үлгісі 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1. Тақырыптық жоспар «Сабақ уақытын жоспарлау және есептеу». 10-сынып. Барлығы – 34 сағат (аптасына 1 сағат):

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
Кіріспе– 1 сағат		
1	Білім алушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындықтарының мақсаты, міндеттері және мазмұны	1
1-бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі – 3 сағат		
2	Мемлекет қорғанысының Конституциялық негіздері	1
	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері	1
	Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Экстремизм түрлері	1
2-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары – 3 сағат		
3	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	1
	Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары	1
	Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы	1
3-бөлім. Тактикалық дайындық – 1 сағат		
4	Мотоатқыш бөлімшесінің ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері	1
4-бөлім. Атыс дайындығы – 4 сағат		
5	Калашников автоматы және қол пулеметі	1
	Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау	1
	Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау	1
	Жарықшақты қол гранаталары	1
5-бөлім. Саптық дайындық – 2 сағат		

6	Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс	1
	Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адыммен қозғалу	1
6-бөлім. Әскери топография – 2 сағат		
7	Жергілікті жерде картасыз бағдарлау	1
	Магнитті азимутты анықтау	1
7-бөлім. Әскери роботты техникалардың негіздері – 6 сағат		
8	Әскери роботты техникалардың негіздері	2
	Роботтарды басқару алгоритмі	2
	Роботтарға арналған тапсырмалар	2
8-бөлім. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері – 12 сағат		
9	Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы	1
	Ядролық қару және оның сипаттамасы	1
	Химиялық қару	1
	Биологиялық (бактериологиялық) қару	1
	Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары	1
	Теріні қорғаудың жеке құралдары	1
	Ұжымдық қорғану құралдары	1
	Эвакуациялау және халықты шоғырландыру	1
	Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі	1
	Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері	1
	Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы көмек	1
	Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек	1
	Барлығы	34

Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиыны өткізіледі.

Оқу-дала жиыны курсы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен бірлесіп ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының оқу сағаттарымен қамтамасыз етіледі (2-сурет).

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» Оқу-дала (лагерьлік) жиыны 10-сынып	
1-бөлім. Тактикалық дайындық	14
2-бөлім. Атыс дайындығы	6
3-бөлім. Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және Қазақстан Республикасының әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	4
4-бөлім. Саптық дайындық	4
5-бөлім. Әскери топография	2
Сағаттар саны	30

2-сурет. «Далалық-оқу жиыны». 10-сынып.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің оқу-далалық (лагерьлік) жиындары бағдарламасының мазмұны. 10 сынып.

«Тактикалық дайындық» бөлімі:

1) Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы – Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қарулануымен және әскери техникасымен, олардың атқаратын қызметтерімен, техникалық-тактикалық сипаттамаларымен танысу. Қарулану түрлері мен әскери техникаларды іс жүзінде көрсетуді;

2) Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі – Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі. Ұрыстағы сарбаздың міндеттері. Бөлімшені басқаруды;

3) Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу – Нормативтерді орындау: газтұмылдырықты кию, респираторды кию, «зақымдалушыға» газтұмылдырықты кигізу, жалпыәскери қорғаныс жабдығын кию. Дербес қобдиша және химиялық улануға қарсы пакет, олардың атқаратын қызметтері және пайдалану тәртібін;

4) Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері – Сарбаздың ұрыс кезінде жаяу әрекет ете отырып қозғалу тәсілдері. Ядролық жарылыс кезіндегі әрекетті;

5) Қорғаныстағы сарбаз – Ату позициясына (атыс жүргізуге арналған орынға) орналасу. Оқпана қазу және оны бүркемелеу. Қарсылас ядролық қару қолданғанда, атысқа дайындық басталғанда, әуе қарсыласы туралы дабыл қағылғанда, радиоактивті, химиялық және бактериологиялық зақымдау туралы дабыл қағылғанда орындалатын әрекеттер. Қарсыластың танкілері мен жаяу

әскерлері түрлі бағыттан шабуылдаған кезде тойтарыс беру. Әуе нысандары бойынша оқ атуды;

6) Шабуылдағы сарбаз – Шабуылға дайындалған кезде орындалатын әрекеттер. Жүріп келе жатып шабуылдау кезіндегі сарбаздың колоннада қозғалуы және бөлімшенің ұрыстық сапындағы өз орнын алуы. Өткелдердегі кедергілерден өту және шабуылдау. Траншеядағы жауды ату, граната лақтыру, қоян-қолтық ұрыс арқылы жою тәсілдері. Шабуыл кезінде радиоактивті (улаушы) заттармен зақымдалған жергілікті жерде әрекет етуді;

7) Бақылаушы сарбаз – Бақылау жүргізуге арналған орынды таңдау, оны жабдықтау және бүркемелеу. Нысандарды анықтау және бақылау нәтижелері туралы мәлімдеме жасау. Жергілікті жердің үлгісін құру және нысандарды үлгіде белгілеуді;

8) Шолушы сарбаз – Шолушы болып тағайындалған сарбаздың әрекеттері. Шолушылардың қозғалуы, жергілікті жерді және заттарды шолу тәсілдері. Бақылау нәтижелері туралы мәлімдеуді қамтиды.

«Атыс дайындығы» бөлімі:

1) Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау, автоматтың бөлшектері мен механизмдерінің оқтауға дейінгі орналасу қалпын және ату кезіндегі бөлшек механизмдерінің жұмыс істеуімен танысуды;

2) Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка) – Оқжатарды патрондармен оқтау және оқжатарды сөмкеге салу. Атуға ыңғайлану (атуға қажет қалыпты қабылдау және автоматты оқтау). Ату (қарауыл мен өткізгішті орнату, иыққа тіреу, көздеу, шүріппені басу және ату кезінде автоматты мықтап ұстау). Атуды тоқтату, оқжатарды алу және атып болған соң автоматты тексеруді;

3) Қол гранаталарын лақтыру – Жарықшақты қол гранаталарын және танкіге қарсы гранаталарды лақтыруды;

4) Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату – Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) іс жүзінде атуды қамтиды.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары» бөлімі:

1) Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі – Әскери бөлімнің (бөлімшенің) тарихы. Әскери қызметшілердің орналасуы. Ақпараттық-тәрбие жұмысына арналған бөлме. Қару сақтауға арналған бөлме. Сарбаз асханасы, спорт базасы, оқу қалашықтарын;

2) Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері – Ротаның тәуліктік нарядының атқаратын қызметтері, құрамы және қарулануы, рота бойынша күндізгі кезекшінің атқаратын міндеттері. Өзінің кезекті міндетін атқаратын күндізгі кезекшінің бекетін жабдықтау және жарақтандыру, тікелей бастықтары келген кездегі, «Жиын» белгісі берілгенде, дабыл және өрт болған жағдайдағы күндізгі кезекшінің әрекеттері. Бос ауысымдағы күндізгі кезекшінің әрекеттері, күндізгі кезекшінің телефон бойынша мәлімдеме беру тәртібі. Ротаға басқа

ротаның әскери қызметшілер келген кездегі, рота аумағынан мүліктерді шығару кезіндегі күндізгі кезекшінің әрекеттерін;

3) Сақшының міндеттері – Қарауылдық қызметке тағайындалу және қарауылдың атқаратын міндеттері. Бекет және оны жабдықтау, жарақтандыру. Бекетке шабуыл жасалған кездегі сақшының әрекеттерін. Қаруды қолдану тәртібін;

4) Бекеттегі сақшының міндеттері және орындайтын әрекеттері – Қаруды оқтау тәртібі. Бекетте тұрған сақшы қаруының орналасу қалпы. Бекетті тапсырған және қабылдаған, бекетте өрт болған және өзінің немесе көрші бекет маңында тәртіп бұзушылық орын алған жағдайдағы сақшының әрекеттерін қамтиды.

«Саптық дайындық» бөлімі:

1) Әскери сәлемдесу – Бір орында және қозғалыс кезінде орындалатын әскери сәлемдесулерді;

2) Саптан шығу және сапқа қайта тұру – Саптан шығу және сапқа қайта тұру. Бастыққа келу және одан кетуді;

3) Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар – «Автоматты кеудеге!», «Белдікке!», «Қаруды қой!», «Қаруға!», «Қаруды!» тәсілдерін орындауды;

4) Бөлімшенің сабы – Бөлімшені өрістетілген сапқа және жорықтық сапқа тұрғызу. Бөлімшені өрістетілген саптан жорықтыққа сапқа тұрғызу және қайтадан өрістетілген сапқа тұрғызу. Бөлімшенің жинақталуы және жазылуын қамтиды.

«Әскери топография» бөлімі азимут бойынша қозғалыс – Көкжиек тұстарын және магнитті азимутты анықтауға жаттығу. Азимут бойынша қозғалысты қамтиды.


10-сыныпқа арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің Далалық-оқу жиынындағы (лагерьлік) оқу материалдарын тақырыптар бойынша тақырыптық жоспар үлгісі (ұлдарға арналған) 2-кестеде ұсынылған.

Кесте 2. Тақырыптық жоспар «Оқу жиынына сабақ уақытын жоспарлау және есептеу». 10-сынып. Барлығы – 30 сағат (5 күндік)

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
1-бөлім. Тактикалық дайындық – 14 сағат		
1	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы	2
	Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі	1
	Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу	2
	Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері	1
	Қорғаныстағы сарбаз	3
	Шабуылдағы сарбаз	3
	Бақылаушы сарбаз	1
	Шолушы сарбаз	1

2 бөлім. «Атыс дайындығы» – 6 сағат		
2	Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары	1
	Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка)	1
	Қол гранаталарын лақтыру	2
	Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату	2
3-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары – 4 сағат		
3	Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі	1
	Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері	1
	Сақшының міндеттері	1
	Бекеттегі сақшының міндеттері және орындайтын әрекеттері	1
4-бөлім. Саптық дайындық – 4 сағат		
4	Әскери сәлемдесу	1
	Саптан шығу және қайта сапқа тұру	1
	Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын қимылдар	1
	Бөлімшенің сабы	1
5-бөлім. Әскери топография – 2 сағат		
5	Азимут бойынша қозғалыс	2
Барлығы		30

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің 11-сыныпқа арналған базалық мазмұны 3-суретте көрсетілген.



«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің базалық мазмұны 11-сынып	
1-бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері – 3 сағат	3
2- бөлім. Атыс дайындығы – 3 сағат	3
3- бөлім. Саптық дайындық – 2 сағат	2
4- бөлім. Технологиялық дайындық – 10 сағат	10
5- бөлім. Өмір қауіпсіздігінің негіздері – 16 сағат	16
Барлығы	34

3-сурет. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің базалық мазмұны. 11-сынып.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұны.
11-сынып.

«Әскери қызметтің құқықтық негіздері» бөлімі:

1) Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі – Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдары;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау – Әскери есепке алу, әскери қызметке даярлау, әскери қызметке кірісу. Әскери қызмет (баламалы, келісімшарт бойынша), запаста болу;

3) Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері – Әскери қызметті өткеру тәртібі мен мазмұны. Әскери қызмет мерзімі. Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері.

«Атыс дайындығы» бөлімі:

1) Ату негіздері – Атыс құбылысы. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың тебілісі. Траекторияның пайда болуы. Оқтың тесіп өту және қиратқыш әрекеті. Тура атудың практикалық маңызы;

2) Ату ережесі – Арақашықтықты мыңдық формула арқылы анықтау тәсілдері. Көздеу (дәлдеу) элементтері. Қозғалмайтын нысандар бойынша көздеу нүктесін және көздеуішті тағайындау.

«Саптық дайындық» бөлімі:

1) Саптық тәсілдер және қозғалыс – Саптық тәсілдерді орнында тұрып орындау. Қозғалыста орындалатын саптық тәсілдер;

2) Бөлімшені сапқа тұрғызу – Бөлімшенің кеңейтілген сапқа тұруы. Бөлімшені жорықтық сапқа тұрғызу. Саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау.

«Технологиялық дайындық» бөлімі:

1) Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері – Қазақстан Республикасының жол жүру саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны;

2) Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері – Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерінде қамтылған негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттары;

3) Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары – Бағдаршам мен реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды қолдану. Авариялық сигнал беру және авариялық тоқтату белгісін қолдану. Маневрлеу. Көлік құралдарын жолдың жүру бөлігіне қою;

4) Жол белгілері – Ескерту белгілері. Басымдық белгілері. Тыйым салу белгілері. Алдын ала жазылатын белгілер. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері. Сервис белгілері. Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар);

5) Жол таңбалары және олардың сипаттамалары – Таңбалардың жіктелуі. Көлденең және тік таңбалардың талаптарына сәйкес жүргізушілердің іс-әрекеті. Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелері;

6) Қозғалыс жылдамдығы – Қозғалыс жылдамдығы. Басып озу, алда кездескен жол айрығы. Аялдама және тұрақ. Қиылыстардан өту. Жаяу жүргіншілер өтпелері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары;

7) Өртүрлі жағдайдағы қозғалыстар – Теміржол жолдары арқылы қозғалыс. Автомагистральдар бойынша қозғалыс. Тұрғын аймақтардағы қозғалыс. Маршруттық көлік құралдарының басымдығы. Сыртқы жарық құралдарын және дыбыс сигналдарын пайдалану;

8) Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау – Механикалық көлік құралдарын тіркеп сүйреу. Оқу жүргізулері. Жолаушыларды тасымалдау. Жүктерді тасымалдау. Велосипедтер, мопедтер, көлік-арбалардың (шаналардың) қозғалысына, сондай-ақ жануарларды жолдан айдап өтуге қойылатын қосымша талаптар. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың қозғалысын қамтамасыз етуді қамтиды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бөлімі:

1) Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу – Қауіптердің негізгі ұғымдары мен жіктелуі. Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздігі;

2) Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі – Физикалық, химиялық және биологиялық факторлар арқылы адам денсаулығына әсер ету;

3) Өртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Электрлік және тұрмыстық газбен қауіпсіз жұмыс жүргізу. Тұрмыстық химия құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Компьютерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары;

4) Техногендік сипаттағы қауіптілік – Өнеркәсіптік апаттар (авариялар), олардың қысқаша сипаттамасы және ықтимал салдары. Жарылыстық-өрт қауіпі бар нысандардағы апаттар (авариялар). Гидродинамикалық апаттар;

5) Экологиялық қауіпсіздік – Ауа және су құрамының ластануы. Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалану. Топырақтың ластануы;

6) Табиғи жағдайда автономды өмір сүру-ерікті және мәжбүрлі автономия. Өмір сүру тәсілдері. Қажетті авариялық қор;

7) Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері – Көшедегі қауіпсіздік. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік. Адамдар көп жиналатын жерлердегі қауіпсіздік;

8) Террористік акт қауіпі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Жарылыс қауіпі пайда болған жағдайдағы тәртіп ережелері. Кепілдікке алынған жағдайда;

9) Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері – Киберқауіпсіздіктің негізгі ұғымдары. Әлеуметтік желілерде қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелері. Ашық қол жетімді Wi-fi желілерін қауіпсіз пайдалану ережелері;

10) Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету – Алғашқы көмек көрсету ерекшеліктері. Көмектің түрлері. Зардап шеккендерді зақымдану ошақтарынан эвакуациялау тәртібі;

11) Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу – Жұқпалы аурулардың жіктелуі және оның алдын алу. Уланудың негізгі түрлері. Уланудың жалпы алгоритмі. Уланудың негізгі түрлері. Интоксикация кезіндегі көмек;

12) Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету – Автомобильдегі дәрі қобдишасында болатын дәрілік препараттардың тізбесі мен мақсаты. Өртүрлі жарақаттар кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері. Жүрек қызметі мен тыныс алудың кенеттен тоқтаған кездегі алғашқы көмек көрсетуді қамтиды.

11-сыныпқа арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің тақырыптық жоспар үлгісі 3-кестеде ұсынылған.

Кесте 3. Тақырыптық жоспар «Сабақ уақытын жоспарлау және есептеу». 10-сынып. Барлығы – 34 сағат (аптасына 1 сағат):

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағат саны
1	2	3
1-бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері – 3 сағат		3
1	Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі	1
	Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау	1
	Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері	1
2- бөлім. Атыс дайындығы – 3 сағат		3
2	Ату негіздері	1
	Ату ережесі	2
3- бөлім. Саптық дайындық – 2 сағат		2
3	Саптық тәсілдер және қозғалыс	1
	Бөлімшені сапқа тұрғызу	1
4- бөлім. Технологиялық дайындық – 10 сағат		10
4	Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері	1
	Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері	1
	Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары	1
	Жол белгілері	3
	Жол таңбалары және олардың сипаттамалары	1
	Қозғалыс жылдамдығы	1
	Өртүрлі жағдайдағы қозғалыс	1
	Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау	1
5- бөлім. Өмір қауіпсіздігінің негіздері – 16 сағат		16
5	Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу	1
	Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі	2
	Өртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті	1

қамтамасыз ету	
Техногендік сипаттағы қауіптілік	2
Экологиялық қауіпсіздік	1
Табиғи жағдайда автономды өмір сүру	2
Криминогендік жағдайларда өзін-өзі қауіпсіз ұстау негіздері	2
Террористік акт қаупі кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету	1
Ақпараттық кеңістіктегі киберқауіпсіздік негіздері	1
Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы көмек көрсету	1
Негізгі жұқпалы аурулар. Уланулар, интоксикация және олардың алдын алу	1
Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету	1
Барлығы	34

Әр сабақты өткізу үшін оқу орынның директорымен бекіткен сабақ жоспары құралады. Сабақ жоспарында тақырып, оқу және тәрбиелік мақсаттары, қарастырылатын сұрақтар, оқу сағаттарының бөлінуі, жалпы білім беру пәндерінің оқушылармен байланысы, материалдық қамтамасыз ету және сабақ барысы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда қарастырылатын сұрақтарға байланысты оқу материалының қысқаша мазмұны келтіріледі.

Оқу орнында алғашқы әскери және технологиялық дайындық (АӘТД) пәні ер балалар мен қыз балаларға бірге жүргізіледі. Әскери-спорттық сабақтар сыныптан тыс уақытта жоспарланып өткізіледі, айына бір реттен кем емес әскери-оқу және әскер-патриоттық кинофильмдер көрсетілімі ұйымдастырылады, сонымен қатар үйірмелердің сабақтары өткізіледі.

Жоғары дәрежеде ұйымдастырылған сабақты өткізуге қамтамасыз етуде және оқушылардың практикалық дағдыларын жалпы әскери жарғылардың талаптарын орындауда әр сынып взвод атанып үш (төрт) бөлімшеден бөлінеді. Оқу орны басшысының бұйрығы бойынша сынып оқушылары арасынан (ер бала және қыз) взвод және бөлімше командирлері тағайындалады. Қыздардан құрылған бөлімшеге қыз бала бөлімше командирі болып тағайындалады.

2 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Бөлімде «АӘТД» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың нысандары мен әдістері қарастырылады. Әдістемелік ұсынымдарға сабақ жоспарлары енгізілді, сондай-ақ тақырыптар тізімі және оқу сағаттарын есептеу, АӘТД бойынша сабақтарды өткізу тәртібі берілген.

Қашықтан оқыту жағдайында сабақтарды ұйымдастыру және өткізу нысандары мен әдістері қарастырылды (жалпы білім беретін мектептердің 10-сынып оқушыларымен қашықтықтан оқыту жағдайында оқу-далалық жиындар сабақтарын ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар 2-қосымшаға берілді).

Білім беру мазмұнын жанарту жағдайында «АӘТД» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың нысандары мен әдістері өзгеруде. Пәнді оқыту процесінің келесі ерекшеліктері бар: оқушыға дайын білім берілмейді, ал білімді оқушы өзі, мұғалім ұйымдастырған бірлескен орта, іздеу қызметі арқылы алады.

Оқытуды ұйымдастыруды түсіну барлық жүйені анықтауға мүмкіншілік береді, дидактикалық аппараттың ұғымдық-категориялық құралғысы өзара байланыста олар: «оқыту» және «білім беру», «ұйымдастыру түрлері» және «оқыту әдістері», «оқыту қағидаттары» және тағы басқалар. Бұл жаңа және дәстүрлі білім беру технологияларын қолданудың болашағы мен мақсатқа лайықтылығы туралы туындаған сұрақтарды анықтау жолдарын көрсетеді, өйткені олар оқыту түрлері мен формаларын дұрыс түсінуге байланысты, оқытудың түрлері мен әдістерінің ғылыми теориясы оқыту процесінің материалдығы мен мәніне тұтастай бағынышты.

Оқыту – бұл бірінші кезекте білімі мен тәжірибесі және оны шыңдайтындар арасындағы ұйымдасқан қарым-қатынас. Оқыту әдісін осылайша сипаттау арқылы оқытудың жеке бір бөлігі емес, тұтас жүйесі құрылады. Оқытуды айқындау және сипаттау келесі жағдаяттардан тұрады: оқытудың мақсаты мен міндеттері, оқыту құралдары, оқытушының жетекшілік етуі, оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру, оқыту процесінде өзгерулері, қол жеткізген нәтиже немесе мақсат. Міне, осылайша оқыту әдісінің мән-мағынасы анықталады және оқыту процесінің ішкі немесе сыртқы жақтарын (сұрау, жаңа материалдарды мазмұндау, бекіту, оқушылардың өзбетімен жұмыстары, бақылау) қарастырмайды – оқыту процесін тұтас қамтиды [6].

Әрбір сабақты өткізу үшін мектеп директоры бекіткен сабақ жоспары құрылады. Сабақтың жоспарында төмендегілер көрсетіледі: тақырыбы, оқу және тәрбиелік мақсаттары, сабақта қарастырылатын оқу сұрақтары, оқу уақытын бөлу, жалпы білім беретін пәндермен оқу сұрақтарының байланысы, материалдық қамтамасыз ету және сабақ барысы. Қажет болған жағдайда сабақта қарастырылатын оқу сұрақтарына байланысты оқу материалдарының қысқаша мазмұнда беріледі.

10-сыныпқа арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары және апталық жоспары 4,5- кестелерде ұсынылған.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» курсының оқытудың апталық жоспары
2020–2021 оқу жылы
10-СЫНЫП

(ұсыныс)

Бағдарлама бөлімдерінің атауы	Сағат саны		Ай, апта																																		
			қыркүйек				қазан				қараша				желтоқсан				қаңтар				ақпан				наурыз			сәуір			мамыр				
	ұ.	к.	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	
Кіріспе сабағы	1	1	1																																		
Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі	3	3				1	2	3																													
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары	3	3							1	2	3																										
Тактикалық дайындық	1	1									1																										
Атыс дайындығы	4	4									1	2	3	4																							
Саптық дайындық	2	2		1	2																																
Әскери топография	2	2																																1	2		
Әскери робот техникасының негіздері	6	6															1	1	2	2	3	3															
Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	12	12																					1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12			
БАРЛЫҒЫ	34	34	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Оқу-далалық (лагерьлік) жиындар	30	-	Тактикалық дайындық – 14 сағ., Атыс дайындығы – 6 сағ., Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары – 4 сағ., Саптық дайындық – 4 сағ., Әскери топография – 2 сағ.																																		

АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы

**«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» курсы бойынша 2020–2021 оқу жылының бірінші жартыжылдығына күнтізбелік-тақырыптық жоспар
10-сынып**

Бөлім атаулары	Сабақ №	Сабақ тақырыбы, оқу сұрақтары	Сағат саны	Күні
Кіріспе сабағы	1	«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің мақсаты, міндеттері және мазмұны. «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғану», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, «Алғашқы әскери дайындық пәнін жүргізу және ұйымдастыру және оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығы. «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.	1	
Саптық дайындық	2	«Сап және оның элементтері. Саптық қалып». Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. «Сапқа тұр!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Реттел!», «Тоқтат!», «Бас киімдеріңді (киімді) ШЕШ!», «Бас киімдеріңді (бас киімді) КИ!» пәрмендерін орындауды.	1	
	3	«Орнында бұрылу. Саптық және жорықтық адым». Саптық және жорықтық адым – Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адыммен қозғалысты қамтиды.	1	
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі	4	«Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері». Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтері.	1	
	5	«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары». Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеті.	1	
	6	«Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары». Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың өзіндік сипаттары. Қазіргі әлемдегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаю себептері.	1	

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	7	«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары». Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айырым белгілері.	1	
	8	«Әскери қызметшілер және олардың өзара қарым-қатынастары». Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасау.	1	
	9	«Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы». Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға қолданылатын тәртіптік жазалаулар.	1	
Тактикалық дайындық	10	«Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және оның ұрыстық мүмкіндіктері». Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техника. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктері.	1	
Атыс дайындығы	11	«Калашников автоматы және қол оқшашары». Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмі.	1	
	12	«Калашников автоматын (қол оқшашарын) жартылай бөлшектеу және құрастыру». Автоматты жартылай бөлшектеу және құрастыру; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысы.	1	
	13	«Калашников автоматын (қол оқшашарын) атуға дайындау». Автоматтың керек-жарақтары. Автоматты ағудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атуға дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдары.	1	
	14	«Жарықшақты қол гранаталары». Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеттері. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы. Гранатаны лақтыруға дайындау.	1	
Әскери робот техникасының негіздері	15	«Әскери робот техникасының негіздері». Роботтар туралы жалпы мәліметтер.	1	
	16	«Әскери робот техникасының негіздері». Роботтарды әскери істе пайдалану.	1	

**Алғашқы әскери және технологиялық дайындық курсының өтудің
күнтізбелік-тақырыптық жоспары.
2020-2021 оқу жылының II жартыжылдығы.
Сабақ жоспары.
10-сынып**

Тарау атауы	Сабақ №	Сабақ тақырыбы, қарастырылатын сұрақтар	Сағат саны	Мерзімі
Әскери робот техникасының негіздері	17	«Роботты басқару алгоритмі» Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау.	1	
	18	«Роботты басқару алгоритмі» Роботтар тобын ұжымдық басқарудың моделі мен алгоритмі.	1	
	19	«Роботтарға арналған тапсырмалар» Роботтардың қызметтік мүмкіншіліктері.	1	
	20	«Роботтарға арналған тапсырмалар» Жекелеген тактикалық міндеттерді қою және шешу: жергілікті жерде бағдарлау, роботтың қауырт жағдайдағы әрекеттері.	1	
Өмір қауіпсіздігі мен ақпараттық технологиялар негіздері	21	«Шаруашылықты жүргізу нысанын азаматтық қорғау» Шаруашылықты жүргізу (білім беру ұйымы) нысанындағы азаматтық қорғауды ұйымдастыру құрылымы және оның міндеттері. Әскери емес азаматтық қорғау құрылымдары, олардың мақсаты және жабдықталуы.	1	
	22	«Ядролық қару және оның сипаттамасы» Ядролық жарылыс түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдаушы (жоюшы) факторлары және олардан қорғану тәсілдері. Ядролық зақымдау ошағы, оның сипаттамасы. Нейтрондық оқ-дәрілердің зақымдаушы әсерінің ерекшеліктері.	1	
	23	«Химиялық қару» Химиялық қару, қолданылу белгілері. Улағыш заттар, олардың зақымдаушы қасиеттері және олардан қорғану тәсілдері. Химиялық зақымдау ошағы, алғашқы және қайталай зақымдау аймақтары.	1	
	24	«Биологиялық (бактериологиялық) қару» Биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақымдаушы әсері және қолданылу белгілері. Бактериологиялық құралдардың қысқаша сипаттамасы, олардың зақымдаушы әрекеттері және олардан қорғаныс құралдары. Бактериологиялық зақымдау ошағы, оның сипаттамасы. Бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін шаралар. Карантин және обсервация.	1	
	25	«Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары» Жалпыәскери газтұмалдырық, оның қолданылуы және құрылысы. Азаматтық газтұмалдырық құрылысының ерекшелігі. Дулыға-бетпердені таңдау, жарамдылығын тексеру, газтұмалдырықты жинау және қапшыққа салу. Газтұмалдырықты алып жүру және пайдалану тәртібі, оны зақымданған адамға кигізу тәсілдері. Ақауы бар газтұмалдырықты пайдалану. Тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдары	1	
	26	«Теріні қорғаудың жеке құралдары» Теріні қорғауға арналған қарапайым құралдар, қосымша қымтау және сіндіру арқылы олардың қорғау қасиеттерін арттыру. Арнайы қорғаныс киімін (Л-1 жеңіл қорғаныс киімі, сүзгілеуші қорғаныс киімі,	1	

		жалпыәскери қорғаныс жиынтығы) қолдану және оны пайдалану ережелерімен таныстыру.		
	27	«Ұжымдық қорғаныс құралдары» Бас сауғалау орындары мен радиацияға қарсы таса орындар, олардың қорғау қабілеттері, жалпы құрылысы және бөлмелердің ішкі жабдықталуы. Қарапайым бас сауғалау орындары.	1	
	28	«Эвакуация және халықты бытыраңқы орналастыру» Азаматтық қорғаудың хабарлау дабылы және ол бойынша әрекет ету тәртібі. Эвакуация және бытыраңқы орналастыру шарасын өткізу әдістері мен тәртібі. Эвакуацияланушылардың міндеттері, киім-кешегі, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түлігі. Эвакуациялау бекетіндегі, жолдағы және жайғастыру орнындағы тәртіп.	1	
	29	«Лаңкестік қауіп-қатер кезіндегі тұрғындардың қауіпсіздігі» Лаңкестік қауіп-қатер туындаған және орын алған кездегі азаматтардың әрекеті. Түрлі деңгейдегі лаңкестік қауіп-қатер төнген кездегі әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіптің алдын алуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі.	1	
	30	«Табиғи апаттар ауданындағы тұрғындардың әрекеті» Табиғи, сұрапыл апаттар, авария, олардың сипаттамасы және салдары. Табиғи, сұрапыл апаттарда, аварияда тұрғындардың әрекет ету ережелері. Тұрғындардың табиғи және сұрапыл апаттардың салдарын жоюға, сонымен қатар құтқару жұмыстарына қатысуы.	1	
	31	«Жарақаттану, қан кету және күйік шалған кездегі алғашқы медициналық көмек» Жара және оның асқынуы туралы түсінік. Қан кету түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық дәрежелері. Шоктың (естен танудың) туындау себептері. Жараланғанда және қан кеткенде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Асептика және антисептика туралы түсінік.	1	
	32	«Түрлі қайғылы оқиғалар кезіндегі алғашқы медициналық көмек» Сүйектің сынуы туралы түсінік және оның белгілері. Соққы алу, шығып кету, созылу және олардың белгілері. Шина салудың негізгі ережелері. Қайғылы оқиға кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері. Үсік шалу, күн өту, олардың алдын алу және алғашқы медициналық көмек. Электр көзінен жарақат алғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек және оны көрсету кезіндегі қауіпсіздік шаралары.	1	
Әскери топография	33	«Орналасқан жерін картасыз бағдарлау» Бағдарлау туралы түсінік. Компас, аспан денелері және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын бағдарлау. Өзінің орналасқан жері туралы баяндау.	1	
	34	«Магниттік азимутты белгілеу» Азимут және оның анықтамасы. Мекенді бағдарлауға арналған заманауи жеке құрылғылар. GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo жерсеріктік навигациялық жүйелер туралы жалпы мәлімет.	1	

Оқытушы-ұйымдастырушы білім берудің жалғыз қайнар көзі болып қалмай, оқушылардың белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырушы ретінде қызмет ету керек.

Білім беру бағдарламасының табысты болуы оқытушы-ұйымдастырушыдан әрбір сабаққа мұқият та, тиянақты дайындалуды және жоспарлауды талап етеді. Сонымен қатар белсенді де, командалық оқыту, сыни тұрғыдан бағалау секілді заманауи педагогикалық технологияларды қолданған дұрыс. Бағдарлама іс жүзінде орындалатын әрекеттерді және зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған.

Мектептегі білім беру мазмұнының жанартылуына байланысты «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқытуды ұйымдастырудың формасы мен әдістері өзгереді. Пәнді оқыту процесінің мынадай ерекшеліктері бар: оқушыға дайын күйіндегі білім деңгейі берілмейді, яғни оқушы мұғалім ұйымдастырған зертханалық орта мен іздену іс-әрекеттері арқылы білім деңгейіне өздігінен қол жеткізеді. Мәтіннің мағынасын түсіну және оқу сауаттылығына (аралас және дискретті (үлеспен берілген) мәтіндерді оқу, ақпаратты үлгі, кесте, алгоритмдер түрінде беру) баса назар аударылады.

Қазіргі заманғы сабақтарды былайша түсіндіруге болады:

1. Шындықты түсіндіру, шындықты іздеу және оның мағынасын ой елегінен өткізу. Бұл дегеніміз, мазмұны ғылыми білімнен құралған рухани қарым-қатынас және соның нәтижесінде әрбір субъект зерделеу қасиеті дамып, рухани байлыққа ие болады. Шындық оқушының иығына арта салатын жүк емес, жеке тұлға шындықтың шыңына шығуға ұмтылып, оның мән-мағынасын түсінуі керек. Мысалдар: аяқталмаған тезис, мұғалімнің «мен» түсінігін трансляциялау, ынталандыру.

2. Бала өмірінің бір бөлігі және оның өмірі жалпыадамзаттық мәдениеттің жоғары деңгейінде қалыптасуы керек. Сәлемдесу, бір-біріне түсіністікпен қарау, мейірбандылық, этикет секілді оң әрекеттерді қалыптастыру керек. Тәрбиелеу – бұл дегеніміз, баланың мұғаліммен бірге және оның көмегімен қазіргі заманғы мәдениетке қадам басуы.

3. Шынайы өмірді ізгілендіру, адамзат баласын ең басты құндылық деп мойындау, жеке тұлғаның дербес дамуына мүмкіндік беруге бағытталған еркін сабақ. Оқушы әрдайым мақсат-нысана болып табылады, ол ешқашан да тәрбиелеу құралы болмауы керек.

4. Табыстылық жағдайын, адамның жекелеген жетістіктерге қол жеткізуін сезіндіруге қажет жағдай құру. Мысалдар: қолдау көрсету, әрбір әрекетті бағалау, үрейге жол бермеу, мейірбандылық, басқалармен салыстырмау.

5. Жыныстық (гендерлік) тәрбие.

6. Топтасып әрекет етуді ұйымдастыру.

7. Үйлесімін тапқан сабақ, сабақтың мазмұнының байлығы, оның сыртқы келбеті мен шамасы. Сабақтың тиімді (оң райда) өтуі. Мысалдар: педагогикалық жағдайды түзету, ойындар, өздігінен реттеу үлгілері; шындықты анықтау, жақсылық жасау, сұлулықты анықтау секілді құндылықтарды дәріптеу.

Сабақты жүргізудің алгоритмдік жобасын ұсынамыз:

1. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша сабақтың пәндік нәтижелері түріндегі мақсаттар мен міндеттер анықталады.

2. Мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін сәйкес келетін түрлер таңдалуы керек: оқытудың белсенді және интерактивті түрлері (олардың келбеті және мәтін бойынша сабақ тақырыбына сәйкес келуі).

3. Уақытпен, іс-әрекет түрі және ресурстармен байланысқан сабақ кезеңдері. Әр сабақтың құрылымы келесі құрам-бөліктерден тұрады:

1) оқушыға түсінікті тілде жеткізілген сабақтың мақсаттары («Нені білетін боламыз, нені үйренеміз»);

2) тапсырма/сабақта жұмыс істеуге қажет білім және біліктілікті өзектілендіру;

3) сабақтың мәтіндік және көрсетуге арналған (иллюстрациялық) материалдарынан құралған жаңа мазмұндағы білім деңгейін игеруге қажет тапсырмалар жүйесі (мәтінмен және көрсету материалдарымен жұмыс жасау, сыныптағы жұмыс);

4) сабақтың мазмұны бойынша қысқаша түйіндеме («Қорытынды жасайық», сыныптағы жұмыс);

5) қорытынды бақылау жұмыстарын ұйымдастыруға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (өзіндік бақылау сұрақтары);

6) үй тапсырмаларын және шығармашылық деңгейдегі тапсырмаларды беру (4-қосымша).

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады:

- теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерді қолдана отырып, әңгімелеу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі;

- практикалық сабақтар оқулық қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

Кіріспе сабағын өткізу барысында үш оқу сұрағы қарастырылады.

Бірінші оқу сұрағы – оқу орындарында алғашқы әскери дайындық сабағын заңнамалық негізде ұйымдастыру, бұл оқу сұрағын қарастыра отырып оқушыларға Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабының талаптарын жеткізу қажет, алғашқы әскери дайындық сабағы оқу орындарында Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпанындағы «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» заңының талаптары негізінде жүргізіледі [1].

Алғашқы әскери және технологиялық дайындықты ұйымдастыру және жүргізу тәртібі Мемлекеттік органдардың, мекемелер мен лауазымды адамдардың міндеттері «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығымен анықталады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген) [4].

Басшылыққа алынатын құжаттардың талаптарын түсіндіре отырып, білім алушылардың санасына АӘТД пәнін оқытудың үлкен мемлекеттік маңызы бар екендігін жеткізу қажет.

Осы оқу сұрағында алғашқы әскери дайындық пәнінің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру керек.

Екінші оқу сұрағын төмендегідей тұжырымдауға болады: алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын өткізу тәртібі. Осы сұрақты қарастыра отырып: оқу бағдарламасының мазмұны және оны орындау ретін түсіндіру; «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқулығының мазмұнын; білім алушылардың білім мен дағдыларына қойылатын талаптарды қысқаша түсіндіру. Бұл бөлімде оқушылардың міндеттері, сабақтағы және сыныптан тыс іс-шараларға қатысудағы мінез-құлықтарының тәртібі түсіндіру ұсынылады, АӘТД сабағындағы оқушыларға тағайындалған киім үлгісі мен оқу сабақтарына қажетті оқу құралдары және оларды дайындау уақытын жеткізу қажет.

Үшінші оқу сұрағы – ұйымдастырушылық. Ол мыналарды қамтиды: взвод және бөлімше командирлерін таңдау және тағайындау, оқушыларды бөлімшелерге бөлу. Сабақ барысында оқушыларға сабақ басталуы мен аяқталуы кезіндегі командирлер мен оқушылардың іс-әрекеттерін түсіндіріп, көрсетіп және оған жаттықтыру керек. Аталған сабақтар әңгімелесу, түсіндіру, көрсету және жаттығулар әдісімен жүргізіледі (4-қосымша).

Сабаққа дайындық және өткізу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2012 жылы 16 ақпанындағы «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» Заңы [1], Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген) [4], «Алғашқы әскери дайындық» оқулығының материалдары, әдістемелік басшылықтың жалпы ұйымдастырушылық нұсқауларының мәтіндері қолданылды.

Сонымен қатар, сабақтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдамада К.Н.Тлегенов, А.Э. Майбах, Р.В. Огай, А.Қуанышбаев, Н.Н.Бекбауов АӘТД әдіскерлері мен оқытушы-ұйымдастырушыларының әзірлеп дайындаған материалдары 1, 2, 4, 5-қосымшаларда ұсынылған.

Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер

Құндылықтарға бағытталған ұстаным:

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған ұстаным оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық,

ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену – орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленді.

Тұлғаға бағытталған ұстаным:

Тұлғаға бағытталған ұстанымның мақсаты оқу үдерісін дараландыру, оқу үдерісінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

Іс-әрекеттік ұстаным:

Іс-әрекеттік ұстанымның негізгі мазмұны – білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімдердің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім алушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «синтездейді», «бағалайды».

Саралап оқыту ұстанымы:

Саралап оқыту ұстанымы – оқу үдерісін білім алушылардың әртүрлі топтарына мамандандырылуын, оқушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді. Саралап оқыту ұстанымы әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

Коммуникативтік ұстаным:

Білім берудегі коммуникативтік ұстаным дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу үдерісі. Коммуникативтік ұстанымның нәтижесі болып тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын тандай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады. Коммуникативтік ұстанымға сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі, қатынасу икемділікті қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру керек.

Ойын іс-әрекеттері арқылы оқыту:

Оқу процесінде білімді меңгертуде оқу әдісі ретінде ойын іс-әрекетін қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық ойын технологияларың басты элементтері – ойын алдында білім алушыларға нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойынның құралы болып табылады. Білім алушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған

ойын әдісі арқылы, олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлауына, әртүрлі өнімді іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдын-ала көре білуіне, өзіндік іс-әрекетін жоспарлауына, мақсатқа жету амалдарын таңдауына мүмкіндік беріледі.

Жобалық ұстаным:

Оқу жобасы – білім алушының немесе білім алушылар тобының ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізу үшін бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Ортақ мақсатымен, келісілген әдістер мен іс-әрекеттердің реттілігімен, кеңейтілген шешімдер мен белгілі тәсіл бойынша рәсімделген нәтижелермен сипатталады. Бұл әдіс білім алушының өз алдына жеке проблема қойып, оны шешуде өзіндік іс-әрекетін танытуымен сипатталады. Бірақ, жобалау іс-әрекетінің алгоритмі (жоба – мұғалімнің көмегімен білім алушының маңызды проблеманы шешудегі өзбетіндік іс-әрекет кешені) толығымен сақталады. Бөлім мазмұнымен танысу аясында білім алушылардың ұжымдық/топтық жобалар бойынша жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Жобалық жұмыстарды ұйымдастыру сабақпен шектелмейді, сондықтан да сабақтан тыс интеграцияда қарастырылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және коммуникацияда сенімді және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі дағдылары арқылы қалыптасады.

Білім алушылар өздерінің АКТ-ны қолдану дағдыларын барлық пәндерге арналған білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында дамытады. Яғни, АКТ-ны пайдалана отырып ақпаратты табу, құру, мәліметтер мен ой түйіндерімен бөлісе және алмаса отырып құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалану арқылы өз жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің мұндай сипаты оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы мүмкін болады, авторитарлыққа жол бермей, өзара қарым-қатынаста болу үшін, олар әртүрлі комбинацияларда білім беру процесіне барлық қатысушылардың ынтымақтастығы үшін алғышарттар жасайды. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастырумен үйлеседі. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет әдістерімен белсенді алмасуды қамтитын нақты шығармашылық процесте оқушылардың қарым-қатынас моделіне айналдырады. Нақты пәннің оқу бағдарламасы аймақтық сипаттағы материалдарды (объектілер, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалық қызметті ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқушының белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Осы пәнді оқыту мақсаттарына қол жеткізу шеңберінде жүзеге асырылатын

тәрбиелік сипаттағы жобалау қызметі ата-аналармен, жергілікті қоғамдастық өкілдерімен әріптестікте ұйымдастырылуымен жүзеге асырылады.

2.1 Қашықтан оқыту жағдайында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытуды ұйымдастыру және өткізу нысандары мен әдістері

«Дене шынықтыру» білім саласы бойынша пән мұғалімдері мен әдіскерлерінен құрылған жұмыс тобы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған I тоқсанның күнтізбелік тақырыптық жоспарына сәйкес, Үлгі бейнеконтент топтамасын қазақ және орыс тілдерінде жинақтап, дайындады. Бұл бейнеконтенттер «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларына және әдіскерлерге ұсынылады [8].

<https://www.youtube.com/playlist?list=PL8A2YGRCjRoED9C6r627ENvp78l7nNzsJ>

7-кесте

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған I тоқсанның күнтізбелік тақырыптық жоспары
2020-2021 оқу жылы
10 сынып – 38 сағат

Р\с №	Сабақ тақырыбы	Сағат	Мерзімі	Сілтеме
10 сынып, I тоқсан				
1	Кіріспе. 8-13 бет	1	01-04.09. 2020	https://youtu.be/oSWGoEb_J4
2	<u>I т.ҚР ҚК – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі.</u> <u>§1. Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері.</u> 14-20 бет	1		
3	§2. ҚР ҚК-нің әскери нышандары.21-30 бет	1	07-11.09. 2020	https://youtu.be/JywrotplD-g
4	§3. <u>Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары.</u> 31-34бет	1		
5	V тарау. Саптық дайындық.	1	14-18.09. 2020	https://youtu.be/dQuoWbkr8d4 https://youtu.be/HafQwT7xa
6	§1. <u>Сап және оның элементтері.</u> Саптық қалып.93 бет §2. Орнында бұрылу. <u>Саптық және жорықтық адым.</u>	1		

				НО
7	III тарау. Тактикалық дайындық §1. <u>Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және оның ұрыстық мүмкіндіктері.</u>	1	21-25.09. 2020	https://youtu.be/BSVf82yzKbk
8	Сынақ сабағы.53 бет	1		
9	II тарау. ҚР ҚК-нің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары §1. ҚР ҚК-нің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары. 35 бет	1	28.09- 02.10 2020	https://youtu.be/wByueDuUIyk
10	§2. Әскери қызметшілер және олардың өзара қарым-қатынастары.43 бет	1		https://youtu.be/7ILdGb5Euwc
11	§3. Әскери тәртіп, оның мәні және мағынасы.48 бет	1	05-09.10. 2020	https://youtu.be/ICsduJ6PuD8
12	IV тарау. Атыс дайындық. §1. <u>Калашников автоматы және қол оқшашары.</u> 61бет	1		https://youtu.be/iYmxXhGLsZU
13	§2. <u>Калашников автоматын (қол оқшашарын) жартылай бөлшектеу және құрастыру.</u> 68 бет	1	12-16.10. 2020	https://youtu.be/R6Fa7ro7Kuc
14	§3. <u>Калашников автоматын (қол оқшашарын) атуға дайындау.</u> 80 бет	1		https://youtu.be/LYcO4GmhZ5w
15	§4. <u>Жарықшақты қол гранаталары.</u> 87 бет	1	19-23.10. 2020	https://youtu.be/EH346_x1Byo
16	Сынақ сабағы.	1		
17	VI тарау. Әскери топография. §1. <u>Жергілікті жерде картасыз бағдарлау.</u> 107 бет	1	26-30.10. 2020	https://youtu.be/kwOTCrSNypY
18	§2. <u>Магнит азимутты анықтау.</u> 115 бет	1		https://youtu.be/EiIUWLLtes

2020-2021 оқу жылы

11 сынып – 34 сағат

№	Бөлім, сабақ тақырыптарының атаулары және оларды сағаттарға бөлу	Сағ. саны	Мерзімі	Сілтеме
I жартыжылдық – 16 сағат				
1	1-бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері – 3 сағат <u>Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі</u>	1	01-04.09.2020	https://youtu.be/25PygnmZw-Q
2	<u>Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау</u>	1	07-11.09.2020	https://youtu.be/lqZjIaCxpc4
3	<u>Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері</u>	1	14-18.09.2020	https://youtu.be/vSC4I7DYsqk
4	2- бөлім. Атыс дайындығы – 3 сағат <u>Атыс негіздері</u>	1	21-25.09.2020	https://youtu.be/AZ2BU318PuM
5	<u>Атыс ережесі</u>	1	28.09-02.10.2020	https://youtu.be/A7Yp7EAYqdw
6	<u>Атыс ережесі</u>	1	05-09.10.2020	https://youtu.be/A7Yp7EAYqdw
7	3- бөлім. Саптық дайындық – 2 сағат <u>Саптық тәсілдер және қозғалыс</u>	1	12-16.10.2020	https://youtu.be/P_SMOS85QWg
8	<u>Бөлімшені сапқа тұрғызу</u>	1	19-23.10.2020	https://youtu.be/xKLFuRNWU
9	4- бөлім. Технологиялық дайындық – 10 сағат <u>Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері</u>	1	26-30.10.2020	

Жоспарды дайындаған Н.Бекбауов

3 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау («есептелінді/есептелінген жоқ») бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің айрықша ерекшелігі олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы.

Оқыту мақсаттарының құрылған жүйесі мынадай кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық білімді қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, байланыстың әртүрлі тәсілдерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей білу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау. Кең ауқымды дағдылар оқушылардың мектептегі білім беру практикасында да, мектеп бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдамада тест тапсырмалар материалдары ұсынылған (1 қосымша).

Тесттік тапсырмалар материалдары алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің барлық бөлімдерін қамтиды:

- Қазақстан Республикасы Қарулы күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі;
- Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары;
- Тактикалық дайындық;
- Атыс дайындығы;
- Саптық дайындық;
- Әскери топография;
- Технологиялық дайындық.

Оқыту-үйрету процесінде тест сұрақтарын қолдану, сабақ уақытын үнемдеуді және бір мезгілде көп білім алушыларды қамтуды қамтамасыз етеді.

Тестілеу нәтижелері бойынша қойлатын бағалар:

- «үздік» – оқушы берілген сұрақтың 90% және одан да көбіне дұрыс жауап берді;
- «жақсы» – оқушы берілген сұрақтың 70%-89% дұрыс жауап берді;
- «қанағаттандырылады» – оқушы берілген сұрақтың 50%-69% дұрыс жауап берді;
- «қанағаттандырылмайды» – оқушы берілген сұрақтың 50% кеміне дұрыс жауап берді.

Оқытушы-ұйымдастырушы қажет болған жағдайда ұсынылып отырған сұрақтарды түрлендіріп, қорытынды тапсырмаларды басқа нұсқада құруына болады. Сонымен қатар оқу бағдарламасы талаптарына қарама-қайшы келмейтін қосымша сұрақтар кешенін құруға да болады.

10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша бағалау ерекшеліктері

10-11-сыныптардағы білім алушыларды Алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша бағалау туралы осы ұсынымдар мынадай нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 18.03.2008 ж. №125 бұйрығы "Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы"(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылы 21 сәуірде № 5191 тіркелген),Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 149 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы 20 сәуірде № 20428 болып тіркелген), Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарында әрбір білім алушыны объективті, жеке бағалау мақсатында 15-тармаққа өзгеріс енгізілді;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрығына қосымша «Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» (жаратылыстану-математикалық бағытта және қоғамдық-гуманитарлық бағытта) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 425-қосымша.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша сынақ қоюға қойылатын талаптар

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 26.11.2019 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығының жаңа редакциясындағы Ескерту, 15-ші пунктіне сәйкес, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша суммативтік баға қойылмайды.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша жартыжылдықта және оқу жылының соңында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

Оқушыларды бағалау критерийлері

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша білім деңгейін бағалаған кезде келесі көрсеткіштер ескеріледі: білімнің тереңдігі, толықтығы, дәйектілігі, оларды нақты бір жағдайда және дене жаттығуларымен шұғылданған кезде қолдана білу біліктілігі.

Білім деңгейін тексеру үшін *сұрау* және *тестілеу* әдістері қолданылады.

Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін зерделеу нәтижелерін бағалау ауызша сұрау салуды, жазбаша жұмысты және бақылау практикалық жаттығуларын қолдана отырып жүзеге асырылады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» бойынша үлгерімді бақылау және бағалау туралы айтпастан бұрын, бағалау мен бағаның арасында қанадай айырмашылық бар екендігін анықтап алу керек. Бағалау – бұл бағаны сандық (цифрлық) үлгімен айқындау. «Бестік», «төрттік», «үштік» - бұл баға түрлері. Ал бағалау әртүрлі болуы мүмкін.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша даярланатын жазбаша жұмыстар мен рефераттарға қойылатын талаптар.

1. Бағдарлама материалдарының мазмұнын ескере отырып, жазба жұмыстары мен рефераттың тақырыптарын «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы анықтайды.

2. Жазба жұмыстары мен рефераттар білім алушының дербес даярлайтын жұмысы болып табылады.

3. Жазбаша жұмыстың көлемі 2 беттен кем емес және 14 шрифтпен теріледі (абзацтық интервал – 1,5). Рефераттың көлемі 10 беттен көп емес, 14 шрифтпен теріледі (абзацтық интервал – 1,5).

Сөзбен бағалау – бұл бағалаудың кең тараған түрі. Жаттығуды дұрыс орындағаны үшін, мұғалімге көмектескені үшін мақтау. Оқушының әр нәрсеге алаңдап, оқу материалын игеруге назар салмағаны үшін ескерту жасау. Яғни, бұл ескертулер үшін оқушыға баға қойылмайды, бірақ әрекеттері бағаланды. Сабақ кезінде түрлі сөздік бағалау әрекеттері қолданылады: «Қалай ойлайсың, сен тапсырманы толығымен орындадың ба?». Егер мұғалім қойған сұрақ пен оқушының ойы бір жерден шықса және ол тапсырманы орындай алса, оның бойында керемет қуаныш сезімі болады. Ал оқушы берілген тапсырманы әзер орындаса, онда «Көрдің бе, жарайсың, жақсы жетістіктерге қол жеткіздің! Ең бастысы – ештеңеден қорықпау!», -деп қолдау көрсету керек.

Назар салу – бұл да бағалаудың бір түрі. Дұрыс орындалған әрекетті қолмен ишара жасап, күлімсіреп, сұқ саусақты көрсетіп ескерту жасауға болады. Сол арқылы оқушы назардан тыс қалмайды.

Талдау. Оқушымен қысқа әңгіме жүргізу арқылы, оның жетістіктерін ескеріп, одан да жақсы деңгейге көтерілу үшін алдағы уақытта қандай әрекеттер жасау керектігін айтып өтеді.

Баға – оқушының сабақ кезінде жасаған жаттығулары үшін алатын сандық ұпайы (балы). Ол баға баланы қуантуы немесе ренжітуі мүмкін және оқушыны ойлануға мәжбүрлейді. Міне, аталғандардың барлығы әрекетті, оқушыға жан-жақты әсер ететін бағалау түрлері.

Қойылатын баға кешенді болуы керек.

Сонымен, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні сабағында оқушылардың білімдерін бағалау жан-жақтылығымен ерекшеленеді және бұл пән бойынша жекелеген ерекшеліктері үшін бағалау дұрыс емес.

Оқыту, білім алу және бағалау өзара байланысты және оқу процессін ұйымдастырудың бірыңғай жүйесін қамтамасыз етеді. Мектепте оқушылардың білімін бақылау және аттестациялаудың бір түрі сынақ жүйесі болып табылады. Бақылаудың басқа түрлерімен салыстырғанда сынақ өткізу сипаты мен бағалау ерекшелігіне қарай бөлінеді. Сынақ - бұл бақылаудың арнайы кезеңі, оның мақсаты білім алушылардың міндетті дайындық деңгейіне қол жеткізуін тексеру болып табылады.

Оқу-дала (лагерь) жиындарының нәтижелерін бағалау өлшемдері бойынша ұсынымдар

Оқу-дала жиындарының нәтижелері келесі бағыттар бойынша

бағаланады:

- Тактикалық дайындық бойынша (14 сағат) – мақсаттарды анықтау, олардың орналасқан жерін, бағдарларға және жергілікті заттарды бақылау нәтижелері туралы баяндамаға қатысын анықтау; атыс позициясын таңдау (атуға арналған орындар), окопты жүруге ыңғайлау; ұрыс алаңында жүгіріп өту және бауырмен қозғалу; қол және танкіге қарсы гранаталарды нысандар бойынша лақтыру жаттығулары.

- Атыс дайындығы бойынша (6 сағат) – қауіпсіздік шаралары; жатып, қырынан атуға және қаруды оқтауға дайындау бойынша нормативтер; бұдан басқа, білім алушылардың автомат және қол жарқыншақ гранаталардың құрылысын білетіндігі туралы білімдері тексеріледі; автоматты жартылай шашу мен жинақтау бойынша нормативтерді практикалық пысықтау; Оқжатарды оқу патрондарымен жабдықтау және ату қашықтығында пневматикалық қарудан (винтовкадан) 10 м – 3 сынамалық, 5 сынақтық ату.

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғылары бойынша (4 сағат) – тәуліктік наряд пен қарауылдың міндеттері мен іс-әрекетін орындауы. Білім алушыларды даярлау үшін күн тәртібінде көзделген уақыт пайдаланылады, бөлімшелердің (оқу взводтарының) тәуліктік нарядының және қарауыл іс-әрекетінің жағдайларына практикалық пысықтау жүргізіледі. Бұл жұмыс оқу-дала жиындарының штаб-сержантына, қарауыл және гарнизондық қызметті (оқу-дала жиындары бойынша кезекшіге) ұйымдастыру және атқару үшін АӘД ұйымдастырушы-жауапты оқытушысына жүктеледі.

- Саптық даярлық бойынша (4 сағат) – саптық тік тұру, орнында және қозғалыста бұрылу, саптық қадам, орнында және қозғалыста әскери сәлемдесу, бөлімше мен взвод саптары.

- Әскери топография бойынша (2 сағат) – компас бойынша горизонттың жақтанын анықтау, күн мен сағат бойынша горизонттың жақтарын анықтау, картасыз жергілікті жерге бағдарлау, азимуттар бойынша қозғала білу (*Қашықтықтан оқыту жағдайында жалпы білім беретін мектептердің 10-сынып жасөспірімдерімен оқу-дала жиындарының сабақтарын ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар 2-қосымшада берілген*).

- *Өмір қауіпсіздігі негіздері және ақпараттық технологиялар бойынша қосымша:*

- Медициналық дайындық бойынша – қан кетуді тоқтату, аяқ-қолдың, бастың жаракатын таңу. Оқу-дала жиындарындағы жұмыс тәжірибесінен жеке уақыт пен спорттық-бұқаралық жұмыс сағаттарында осы тақырыптар бойынша білім алушылармен оқу-дала жиындарының медицина қызметкерінің 20-30 минуттық практикалық сабақтарын қарастыру;

- Дене шынықтыру даярлығы бойынша – Қазақстан Республикасы халқының дене шынықтыру дайындығы президенттік тестілерін өткізу ережелерінің (III саты "Күш пен ерлік", жасы 16-17 жаста) талаптары көлемінде немесе әскери-оқу орындарына түсетін үміткерлерге;

- Азаматтық қорғау бойынша – радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаудың тәсілдері; радиоактивті (уландырғыш) заттармен залалданған жер учаскесін еңсеру; құлақтандыру сигналдары және ядролық

жарылыстың өршуі бойынша сарбаздың іс-әрекеті; жеке қорғану құралдарын (ЖҚК) киіну нормативтерін орындау ұсынылады.

Әрбір нормативті орындауда білім алушының жеке бағасы төменде көрсетілген бағадан құралады:

«өте жақсы» – 50%-дан кем емес нормативтерді «өте жақсыға» және қалғандарын «жақсыға» орындағанда;

«жақсы» – 50%-дан кем емес нормативтерді «өте жақсыға» және «жақсыға», қалғандарын «қанағаттанарлықтан» төмен емес орындағанда;

«қанағаттанарлық» – егер нормативтердің бірінен «қанағаттанарлықсыз» баға алған болса;

«қанағаттанарлықсыз» – нормативтер бойынша екі және одан да көбінен қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда.

Оқу-дала (лагерь) жиындарында жалпы баға қойылады:

- «өте жақсы», егер тактикалық және атыс дайындығы, азаматтық қорғау бойынша қойылған бағалар – «өте жақсы», ал саптық даярлық бойынша – тәртібі жағынан «жақсыдан» төмен емес немесе тәртібінде қанағаттанарлықтай жағдайды көрсеткенде;

- «жақсы», егер тактикалық және атыс даярлығы, азаматтық қорғау бойынша алынған бағалары «жақсы»–дан төмен емес, ал саптық даярлық бойынша өзін тәртіпті немесе қанағаттанарлық ұстап «қанағаттанарлықсыздан» төмен баға алғанда;

- «қанағаттанарлық», егер оқу бағдарламасының екі бөлімін меңгергенде өзін тәртіпті немесе тәртіпсіз ұстап «қанағаттанарлықсыз» баға алғанда;

- «қанағаттанарлықсыз», егер оқу бағдарламасының үш және одан да көп бөлімі бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алынғанда.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушылар:

1) әскери іс, белгілеуді, ұйымдастыру құрылымын, штаттық қаруландыруды және техниканы, төменгі тактикалық буын бөлімшесінің мүмкіндіктерін, бағдарлау құралдарын қолдануды, робототехника және IT-технология негіздерін, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысын ұйымдастыруды; қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданғанда, террористік қауіп-қатерді және табиғи апатты хабарлау жүйесін және әрекет ету тәртібін; табиғи апаттардың сипаттарын, зақымдау ошақтарында құтқару және апаттан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл ұйымдастыруды; штаттық қаруды, қорғанудың дербес және ұжымдық құралдарының, радиобелсенді және химиялық бақылау құрылғыларының атқаратын қызметін, құрылысы мен қолдану тәртібін, сондай-ақ, тұрғындарды эвакуациялауды, жергілікті жерде орналастыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін; алғашқы көмектің міндеттері мен түрлерін, жолда жүру ережесін біледі;

2) әскери іс, робототехника және IT-технология негіздерін, ядролық, химиялық, биологиялық (бактериологиялық) қарулардың және басқа да адамдарды зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарының әсер ету ерекшеліктерін, оларды қолданған кезде шаруашылық нысандарына, қоршаған ортаға және экологияға тигізетін әсерін; табиғи және техногендік сипаттағы

төтенше жағдайдың салдары мен келтіруі мүмкін экономикалық және экологиялық шығынын, жол жүрісі жүйесін ұйымдастыруды түсінеді;

3) орын алған әртүрлі жағдаятта ұрыс алаңында сарбаздың рөлінде, радиациялық және химиялық бақылау жүргізу бекетінің құрамында барлаушы ретінде әрекет етуді; штаттық қаруды, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын, жараланғанда, қан кеткенде, күйік шалғанда және үсік шалғанда, күн өткенде, электрлі жарақат алғанда, суға батқанда алғашқы көмек көрсетуді; дененің түрлі бөліктері жараланғанда байлап, таңуды; дененің түрлі бөліктерінде сынықтың ашық және жабық түрі бойынша алғашқы көмек көрсетуді; интернет байланысты, аудио-визуалды технологияларды пайдаланады, автомобиль көлігін жүргізу, робототехника дағдыларын меңгереді, сандық фото және бейне жабдықтарды қолданады;

4) зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайды; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын, жолдардағы мүмкін болатын штаттан тыс жағдайларды талдайды;

5) зақымдаудың қазіргі заманғы қаруын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайда әрекет ету алгоритмін; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай туындағанда әрекет ету алгоритмін, жолда болуы мүмкін төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмдерін жинақтайды, синтездейді;

6) қабылданған шешімнің салдарын бағалайды.

Білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер бағалау жүйесін де қамтитыны түсінікті. Білім алушыларды бағалау білімнің келесі жоғары деңгейіне көтерілуге мүмкіндік береді.

Сынақ жүргізу талаптарын критерийлерге сүйеніп жасау, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауда келеңсіздіктерді жойып, әділ бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқу процесін дараландыруға, білім алушылардың оқуға ынтасын арттыруға және оқып ізденудегі дербестігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Білім беру мазмұнның жаңаруы ол халықаралық және отандық тәжірибені есептей отырып мемлекеттік басымдықтардың тапсырмаларын жүзеге асырылуы тиіс. мектеп белсенді, шығармашылық ойлауға және әрекет етуге қабілетті, зияткерлік, адамгершілік және физикалық тұрғыдан өзін-өзі дамыта алатын адамды дайындай ала ма, ол білім беру мазмұнның жаңаруына байланысты.

Жаңартылған білім беру мазмұны оқу нәтижелеріне бағытталған, оқу материалдарын ескере отырып жобаланады.

Әдістемелік құралдың бірінші тарауында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (10-11-сыныптар) сабағының білім мазмұнының жаңаруы барысында оқу бағдарламасының ерекшелігі ашылған.

Екінші тарауда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабағын ұйымдастырудағы оқытудың әдістері мен формалары қарастырылған. Әдістемелік ұсыныста сабақтың жоспарлары, сондай-ақ, тақырыптар тізімі және оқу сағаттары, алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын жүргізу тәртібі көрсетілген. Қашықтықтан оқыту жағдайында сабақтарды ұйымдастырудың және өткізудің нысандары мен әдістері де қарастырылған.

Әдістемелік құралдың үшінші тарауында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау («есептелінді/есептелінген жоқ») бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген. Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру деңгейіндегі 10-11 сынып оқушылары үшін «АӘТД» пәні бойынша сынақты жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімге көмек ретінде жасалды. Сынақтарға арналған тапсырмалар мұғалімге білім алушылардың 1 және 2 жартыжылдыққа жоспарланған оқу мақсаттарына қол жеткізу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Жартыжылдыққа сынақ жүргізу үшін әдістемелік ұсынымдарда оқушылардың дайындық деңгейін бағалауға көмектесетін тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалар ұсынымдық сипатта болады. Әдістемелік ұсынымдарды дайындау кезінде ресми интернет-сайттарда ашық қолжетімді ресурстар пайдаланылды.

Қосымшаларда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» бағдарламасы бойынша білім алушылардың сабақты аяқтау кезеңінде бақылау-тексеру тест тапсырмаларын жүргізу кезінде білім алушылардың теориялық білімдерін тексеруге арналған әскери қызмет негіздерін игеру, білім беру ұйымдарындағы технологиялық дайындық бойынша тест тапсырмалары берілген. Ұсынылатын тест тапсырмаларын оқу барысында ағымдағы тексеріс кезінде де қолдануға болады.

Оқытушы-ұйымдастырушы алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын ұйымдастырушы, бастапқы шарттардың ерекшеліктері, оқу орнының материалдық базасының болуы мен жай-күйіне, оқытудағы дербес тәжірибесіне, жеке дайындық деңгейіне қарай бағдарламада айқындалған мақсаттар мен міндеттердің сапалы орындалуын қамтамасыз ететін сабақтарды өткізудің басқа да әдістерін, нысандарын, тәсілдерін қолдана алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

3. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «21» сәуірдегі № 154 бұйрығымен бекітілген (*Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 20456 болып енгізілді*).

4. «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15725 болып тіркелген).

5. «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы.

6. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдама. Әдістемелік ұсынымдама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 122 б. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 20 маусымның № 7 хаттамасы).

7. Қашықтан оқыту жағдайында жалпы білім беретін мектептердің 10-сынып жасөспірімдерімен далалық-оқу жиындарын ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар ҚР БҒМ 20.05.2020 жылғы №5-11-2/1852-И хаты.

8. Қашықтан оқыту жағдайында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытуды ұйымдастыру және өткізу Үлгі жоспарлары мен бейнеконтенттер. <https://www.youtube.com/playlist?list=PL8A2YGRCjRoED9C6r627ENvp7817nNzsJ>

**«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

**Әзірлегендер: Куптилеуова Сянзия, Баяхметов Серик, Қуанышбаев Айбатхан,
Бекбауов Нариман**

АӘТД Қорытынды тексеру тесті

1. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні:

- A) 11 сыныптан кейінгі оқу жиыны пәні ретінде
- B) ҚР Қарулы күштері офицерлерін оқытатын пән ретінде
- C) ҚР Қарулы күштері сарбаздарың дайындайтын оқыту пунктінде жүргізілетін пән ретінде
- D) мектептегі әр АӘД оқытушы-ұйымдастырушысының негізгі мақсаты ретінде
- E) жеке меншік түріне қарамастан барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы білім алушылардың міндетті түрде оқытылатын пәні болып табылады

2. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқу процесінде білім алушылардың меңгеруі тиіс мәселелер:

- A) ату қаруының негізгі бөлшектерін
- B) төтенше жағдайлардағы әскери іс және адамның тіршілік қауіпсіздігі негіздері мен әскери қызмет дағдылары
- C) әскери қызметте болатын әр бір сарбаз өз орынын білуді
- D) әскери пәндегі білім мен дағдысы ұрыс жағдайында өмірін сақтап қалу үшін қажет
- E) әскери іс шеберлігі мен ұрыс жүргізу тәсілін

3. Мерзімдік әскери қызметшіге қолданылатын көтермелеулерді көрсетіңіз?

- A) сәгіс
- B) 5 тәулікке дейін қысқа мерзімдік демалысқа жіберу
- C) әскери атағын бір сатыға төмендету
- D) постыны күзетуден босату
- E) 10 тәулікке дейін қысқа мерзімдік демалысқа жіберу

4. Ф-1 жабдықталған гранатасының салмағын атаңыз?

- A) 500 гр
- B) 1200 гр
- C) 700 гр
- D) 310 гр
- E) 600 гр

5. Мемлекетте соғыс жағдайын кім енгізеді?

- A) Сенат
- B) Ел Президенті
- C) Парламент
- D) Мәжіліс
- E) Премьер-министр

6. Түн мезгілінде сақшының қару ұстау тәсілі?

- A) арқаға
- B) кеудеге

- C) тұрып ату үшін дайын күйде
- D) иыққа
- E) белдікке

7. Қазақстан Республикасының қай жерінде ұшқыштарды дайындайды?

- A) Ақтөбе
- B) Атырау
- C) Ақтау
- D) Алматы
- E) Шымкент

8. Жоғары офицер құрамына қайсысы сәйкес?

- A) майор
- B) аға лейтенант
- C) генерал-майор
- D) капитан
- E) сержант

9. АК-74 автоматының калибрін атаңыз.

- A) 5,56 мм
- B) 5,6 мм
- C) 7,62 мм
- D) 9,0 мм
- E) 5,45 мм

10. АК-74-пен атудағы дәлдеу қашықтығы қандай?

- A) 1000 м
- B) 100 м
- C) 1250 м
- D) 750 м
- E) 900 м

11. Қорғаныстағы бөлімше бекінісінің ені қандай?

- A) 50м
- B) 70м
- C) 100м
- D) 120м
- E) 150м

12. ПМК газтұмалдырығының бетпердесін таңдау ... өлшемімен анықталады.

- A) көлденең бас айналымы
- B) тік және көлденең бас айналымы
- C) тік бас айналымы
- D) кеңсіріктен иекке дейінгі
- E) маңдайшадан иекке дейінгі

13. Қай заттардың буы неғұрлым уытты?

- A) аммиак
- B) хлор
- C) спирт
- D) ацетон
- E) ртуть

14. Қыста қан тоқтататын бұрауды қанша уақыт қолдануға болады?

- A) 1 сағатқа
- B) 0,5 сағат
- C) 1,5 уақытқа
- D) 2 сағатқа
- E) 2,5 уақытқа

15. Сап дегеніміз:

- A) әскери қызметшілердің, бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін белгіленген орналасуы
- B) әскери қызметшілердің, бөлімшелермен бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен белгіленген орналасуы
- C) әскери қызметшілердің, бөлімшелермен бөлімдердің жаяу тәртіпте бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен немесе командирлермен белгіленген орналасуы
- D) әскери қызметшілердің, бөлімшелермен бөлімдердің бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен немесе командирлермен белгіленген орналасуы.
- E) әскери қызметшілердің, бөлімшелермен бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін командирлермен белгіленген орналасуы

16. Ф-1 жарықшақты қол гранатаның жарылу кезіндегі жарықшақтарының ұшу радиусы?

- A) 250 м.
- B) 200 м.
- C) 300 м.
- D) 50 м.
- E) 140 м.

17. Жабдықталған РГД-5 жарықшақтық қол гранатасының салмағы?

- A) 350 г
- B) 400 г
- C) 450 г
- D) 310 г
- E) 450 г

18. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары бекітілді:

- A) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен
- B) Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің бұйрығымен
- C) Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен
- D) Әскери бөім командирінің бұйрығымен
- E) Қазақстан Республикасы ғылым және білім Министрінің бұйрығымен

19. Түскі уақытта. Күн сіздің оң жағыңызда. Сізге қарама-қарсысы қай жақ?

- A) батыс
- B) оңтүстік
- C) солтүстік
- D) оңтүстік-батыс
- E) шығыс

20. Аға офицер құрамына қай шен (атақ) жатады?

- A) Капитан
- B) Контр-адмирал
- C) 2 дәрежелі капитан
- D) Аға лейтенант
- E) Генерал-майор

21. Бекеттегі сақшы кімге қаруын беруге құқығы бар?

- A) бөлімше командиріне
- B) өзінің таратушысына
- C) қарауыл бастығына
- D) рота бойынша кезекшіге
- E) ешкімге

22. Қай жас мөлшерінде ер азаматтар әскер қатарына шақырылады?

- A) 17-25 жас
- B) 17-28 жас
- C) 18-27 жас
- D) 18-25 жас
- E) 19-26 жас

23. Әскери қызметшілер қызмет бабымен уақытша болса да бағынатын бастықтарды қалай атайды?

- A) тікелей
- B) жақын
- C) тура
- D) лауазымдық
- E) қызметтік

24. Сержанттарды қанша мерзімге дейін гауптвахтада ұстап отырып қамайды?

- A) 15 тәулікке дейін
- B) 10 тәулікке дейін
- C) 5 тәулікке дейін
- D) 3 тәулікке дейін
- E) 7 тәулікке дейін

25. Төменде көрсетілген улы заттардың қайсысына антидот (уды қайтаруы) жоқ?

- A) хлорпикрин
- B) синил қышқылы
- C) фосген
- D) иприт
- E) Би-Зета

26. Қай жарғыда әскери қызметшілерді «көтермелеу» қарастырылған?

- A) саптық жарғыда
- B) гарнизондық-қарауылдық жарғыда
- C) тәртіптік жарғыда
- D) ұрыс жарғысында
- E) ішкі қызмет жарғысында

27. Алғаш рет қай жылы атом бомбасын қолданды?

- A) 1944
- B) 1945

- C) 1946
- D) 1947
- E) 1948

28. Кеңес Одағы қай жылы алғаш рет атом бомбасын жарудан сынақ өткізді?

- A) 1947
- B) 1948
- C) 1949
- D) 1950
- E) 1951

29. «Қашқындық» үшін қандай жаза қолданады?

- A) тәртіптік
- B) әкімшілік
- C) қылмыстық
- D) құқықтық
- E) әскери атағынан айырады

30. ҚР мемлекеттік елтаңбасының авторы кім?

- A) Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов
- B) Шәкен Ниязбеков
- C) Шот-Аман Уалиханов, Жандарбек Мәлібеков
- D) Қалыбек Қуанышбаев
- E) Қалиолла Ахметжан

31. РГД-5 қол гранатасының салмағы?

- A) 600 гр
- B) 1000 гр
- C) 670 гр
- D) 1070 гр
- E) 310 гр

32. Жабдықталған АК-74 салмағы қандай?

- A) 4,0 кг
- B) 3,5 кг
- C) 3,7 кг
- D) 3,6 кг
- E) 5,46 кг

33. Сақшы кімге бағынады?

- A) әскери бөлім командиріне
- B) өзінің таратушысына
- C) рота старшинасына
- D) атағы жоғарыға
- E) бөлім бойынша кезекшіге

34. Мерзімдік әскери қызметтегі сарбазға қанша тәулік қысқа мерзімдік демалыс беріледі?

- A) 7
- B) 8
- C) 9
- D) 10
- E) 12

35. Қазақстан Республикасында қанша өңірлік қолбасшылықтар бар?

- A) 3
- B) 4
- C) 5
- D) 6
- E) 7

36. Қазақстан Республикасының алғашқы Қорғаныс министрі кім?

- A) Д. Ахметов
- B) А. Жақсыбеков
- C) М. Алтынбаев
- D) С. Нұрмағанбетов
- E) С. Токпақбаев

37. Қазақстан Республикасының Конституциясының қай бабында Отанды қорғау туралы айтылған?

- A) 34
- B) 35
- C) 36
- D) 37
- E) 38

38. Қазақстан Республикасы Президенті жарлығымен ҚР Қарулы күштері қашан құрылды?

- A) 1990ж.
- B) 1991ж.
- C) 1992ж.
- D) 1993ж.
- E) 1994ж.

39. Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты қайда орналасқан?

- A) Астанада
- B) Алматыда
- C) Ақтөбеде
- D) Щучинскте
- E) Қарағандыда

40. Аталған әскери атақтар ішіндегі жоғарысын атаңыз:

- A) Аға сержант
- B) Бірінші сыныптағы сержант
- C) Үшінші сыныптағы сержант
- D) Штаб-сержанты
- E) Шебер-сержант

41. Бронды техникаға қарсы қолданылатын снаряд:

- A) Фугасты
- B) Кумулятивті
- C) Жандырғыш
- D) Жарықшақтық
- E) Картечь

42. Қазақстандықтардан Рейхстагқа бірінші кім туды орнатты?

- A) Төлеген Тохтаров
- B) Қасым Қайсенов
- C) Талғат Бигельдинов
- D) Рахымжан Қошқарбаев
- E) Бахытораз Бейсекбаев

43. Әскери қыметші өзінің тегін естігенде қалай жауап беру керек?

- A) Иә
- B) Бар
- C) Мен
- D) Тыңдап тұрмын
- E) Осында

44. Қай кезде сақшы ескертусіз қару қолданады?

- A) ескерту айтқаннан кейін
- B) қарауыл бастығының рұқсатынан кейін
- C) күзетілетін объектіге немесе оған қасақана шабуыл жасаған жағдайда
- D) бөлім командирі мен қарауыл бастығынан рұқсат алған соң
- E) ескертпе ату жүргізген соң

45. Рота бойынша тәуліктік кезекші кімге келгенде «Тік тұр (Тіктел)» деген пәрмен береді?

- A) капитанға
- B) рота бойынша кезекшіге
- C) бақылау өткізу пункт (БӨП) бойынша кезекшіге
- D) әскери бөлімінің кезекшісіне
- E) қарауыл бастығына

46. Тәсіл орындауды болдырмау немесе тоқтату үшін берілетін команда:

- A) «Тік тұр»
- B) «Тоқтат»
- C) «Тоқта»
- D) «Еркін тұр»
- E) «Артқа - БҰРЫЛ»

Жауаптар кілті:

1. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні:

E) жеке меншік түріне қарамастан барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы білім алушылардың міндетті түрде оқытылатын пәні болып табылады

2. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқу процесінде білім алушылардың меңгеруі тиіс мәселелер:

B) төтенше жағдайлардағы әскери іс және адамның тіршілік қауіпсіздігі негіздері мен әскери қызмет дағдылары.

3. Мерзімдік әскери қызметшіге қолданылатын көтермелеулерді көрсетіңіз?

E) 10 тәулікке дейін қысқа мерзімдік демалысқа жіберу

4. Ф-1 жабдықталған гранатасының салмағын атаңыз?

Е) 600 гр

5. Мемлекетте соғыс жағдайын кім енгізеді?

В) Ел Президенті

6. Түн мезгілінде сақшының қару ұстау тәсілі?

С) тұрып ату үшін дайын күйде

7. Қазақстан Республикасының қай жерінде ұшқыштарды дайындайды?

А) Ақтөбе

8. Жоғары офицер құрамына қайсысы сәйкес?

А) майор

9. АК-74 автоматының калибрін атаңыз.

Е) 5,45 мм

10. АК-74-пен атудағы дәлдеу қашықтығы қандай?

А) 1000 м

Какова прицельная дальность стрельбы из АК-74

А) 1000 м

11. Қорғаныстағы бөлімше бекінісінің ені қандай?

С) 100м

12. ПМК газтұмалдырығының бетпердесін таңдау ... өлшемімен анықталады.

В) тік және көлденең бас айналымы

13. Қай заттардың буы неғұрлым уытты?

Е) сынап

14. Қыста қан тоқтататын бұрауды қанша уақыт қолдануға болады?

В) 0,5 сағат

15. Сап дегеніміз:

В) әскери қызметшілердің, бөлімшелермен бөлімдердің жаяу тәртіпте және машиналарда олардың бірлесіп іс-қимыл жасауы үшін Жарғымен белгіленген орналасуы

16. Ф-1 жарықшақты қол гранатаның жарылу кезіндегі жарықшақтарының ұшу радиусы?

В) 200 м.

17. Жабдықталған РГД-5 жарықшақтық қол гранатасының салмағы?

Д) 310 г

18. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары бекітілді:

А) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен

19. Түскі уақытта. Күн сіздің оң жағыңызда. Сізге қарама-қарсысы қай жақ?

Е) шығыс

- 20. Аға офицер құрамына қай шен (атақ) жатады?**
С) 2 дәрежелі капитан
- 21. Бекеттегі сақшы кімге қаруын беруге құқығы бар?**
Е) ешкімге
- 22. Қай жас мөлшерінде ер азаматтар әскер қатарына шақырылады?**
С) 18-27 жас
- 23. Әскери қызметшілер қызмет бабымен уақытша болса да бағынатын бастықтарды қалай атайды?**
А) тікелей
- 24. Сержанттарды қанша мерзімге дейін гауптвахтада ұстап отырып қамайды?**
Е) 7 тәулікке дейін
На какой срок можно арестовать сержантов с содержанием на гауптвахте?
Е) до 7 суток
- 25. Төменде көрсетілген улы заттардың қайсысына антидот (уды қайтаруы) жоқ?**
D) иприта (қыша газы)
- 26. Қай жарғыда әскери қызметшілерді «көтермелеу» қарастырылған?**
С) тәртіптік жарғыда
- 27. Алғаш рет қай жылы атом бомбасын қолданды?**
B) 1945 ж.
- 28. Кеңес Одағы қай жылы алғаш рет атом бомбасын жарудан сынақ өткізді?**
C) 1949 ж
- 29. «Қашқындық» үшін қандай жаза қолданады?**
С) қылмыстық
- 30. ҚР мемлекеттік елтаңбасының авторы кім?**
С) Шот-Аман Уалиханов, Жандарбек Мәлібеков
- 31. РГД-5 қол гранатасының салмағы?**
Е) 310 гр
- 32. Жабдықталған АК-74 салмағы қандай?**
D) 3,6 кг
- 33. Сақшы кімге бағынады?**
B) өзінің таратушысына
- 34. Мерзімдік әскери қызметтегі сарбазға қанша тәулік қысқа мерзімдік демалыс беріледі?**
D) 10
- 35. Қазақстан Республикасында қанша өңірлік қолбасшылықтар бар?**
B) 4

36. Қазақстан Республикасының алғашқы Қорғаныс министрі кім?

D) С. Нұрмағанбетов

37. Қазақстан Республикасының Конституциясының қай бабында Отанды қорғау туралы айтылған?

C) 36-бапта

38. Қазақстан Республикасы Президенті жарлығымен ҚР Қарулы күштері қашан құрылды?

C) В 1992 ж.

39. Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты қайда орналасқан?

B) Алматыда

40. Аталған әскери атақтар ішіндегі жоғарысын атаңыз:

E) Шебер-сержант

41. Бронды техникаға қарсы қолданылатын снаряд:

B) Кумулятивті

42. Қазақстандықтардан Рейхстагқа бірінші кім туды орнатты?

D) Рахымжан Қошқарбаев

43. Әскери қызметші өзінің тегін естігенде қалай жауап беру керек?

C) Мен

44. Қай кезде сақшы ескертусіз қару қолданады?

C) күзетілетін объектіге немесе оған қасақана шабуыл жасаған жағдайда

45. Рота бойынша тәуліктік кезекші кімге келгенде «Тік тұр (Тіктел)» деген пәрмен береді?

D) әскери бөлімінің кезекшісіне

46. Тәсіл орындауды болдырмау немесе тоқтату үшін берілетін команда:

B) «Тоқтат»

Жауаптар кілті:

Сұрақ нөмірлері																				
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
		Жауаптар		E	B	E	E	B	C	A	A	E	A	C	B	E	B	B	B	D
		20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38
		C	E	C	A	E	D	C	B	C	C	C	E	D	B	D	B	D	C	C
		39	40	41	42	43	44	45	46											
		B	E	B	D	C	C	D	B											

**Қашықтан оқыту
жағдайында жалпы білім беретін мектептердің 10-сынып жасөспірімдерімен далалық-
оқу жиындарын ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдар**

Әзірлегендер:

Яковенко Виктор Леонидович
Куптилеуова Сянзия Кантуреевна
Баяхметов Серик Умутбаевич
Бекбауов Нариман Намазбаевич

1. Білім беру процесі типтік оқу бағдарламасына және оқу-дала жиындарын өткізу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

2. Қашықтықтан сабаққа дайындық кезінде АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы оқу мәселелерін пысықтау тәртібін және өткен материалды міндетті меңгергенін бақылауды анықтайды. Өткізу ерекше жағдайларына және практикалық дағдыларды пысықтау мүмкіндігінің болмауына байланысты қосымша материалды пайдалана отырып, білім алушылардың өзіндік дайындығына ерекше назар аудару қажет.

3. «Тактикалық даярлық» және «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жарғылары» бөлімдері бойынша көрсету сабақтары қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып өткізілетін теориялық сабақтармен ауыстырылады.

4. Бөлімнің жекелеген мәселелерін зерттеу үшін алдын ала дайындалған тапсырмалар мен міндеттерді пайдалануға болады.

5. Оқушылардың оқу материалын меңгеруін тексеру мақсатында бақылау сабақтары өткізіледі. Олар пайдаланылған тақырыптың немесе сабақтың барлық мазмұны бойынша да, жекелеген сұрақтар бойынша дистанциондық форматтағы тест тапсырмалары түрінде де өткізілуі мүмкін.

**Қашықтықтан оқыту жағдайында оқу-дала жиындарының үлгі мазмұны
бойынша ұсыныстар**

Тактикалық дайындық бойынша (14 сағат) – өткізудің ерекше жағдайларына және практикалық дағдыларды пысықтау мүмкіндігінің болмауына байланысты қосымша материалды пайдалана отырып, білім алушылардың өзіндік дайындығына ерекше назар аудару қажет. Бөлім сабақтары тиісті тақырып бойынша бейне-ресурстарды қолдана отырып өткізілетін теориялық сабақтармен ауыстырылады.

«Қару-жарақ және әскери техника» тақырыбын «Тактикалық дайындық» бөлімі бойынша бейнероликтер сілтемелерін пайдалана отырып зерделеу ұсынылады (1-қосымша).

Атыс дайындығы бойынша (6 сағат) – жауынгерлік қарудан ату, гранат лақтыруға байланысты оқу жиындарының бағдарламасы бойынша сабақтарды Калашников автоматының, пневматикалық винтовканың, қол жарықшақты гранаталарының материалдық (құрылғысы) бөлігі бойынша «Атыс дайындығы» бөлімінің 1-қосымшада ұсынылған бейнероликтер сілтемелерін пайдалана отырып жүргізу ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғылары бойынша (4 сағат) – «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жарғылары» бөлімі бойынша сабақтар бейне-ресурстарға сілтемелерді пайдалана отырып, теориялық сабақтармен ауыстырылады (1-қосымшада берілген).

Саптық дайындық бойынша (4 сағат) – саптық тәсілдерді орындауға байланысты оқу жиындарының бағдарламасы бойынша сабақтарда сап элементтерінен алған білімін,

әскери қызметшілердің сапқа тұру алдында және сапта тұру міндеттерін бекіту үшін өткізу ұсынылады, осы бөлімнің бейне-ресурстары сілтемелерін пайдалануға болады (1-қосымшада берілген).

Әскери топография бойынша (2 сағат) – әскери топография бойынша оқу жиындарының әрбір сабағы негізгі теориялық курстың бұрын оқыған материалдарын қайталауды қамтиды. Осыған байланысты, алынған білімді бекіту және тексеру мақсатында осы материалды қолдану орынды. Бөлімнің жекелеген мәселелерін зерделеу үшін алдын ала дайындалған тапсырмалар мен міндеттерді, сондай-ақ осы тақырыпқа арналған бейнероликтерді пайдалануға болады (1-қосымшада берілген).

Әрбір сабаққа қатысты қауіпсіздік шараларының талаптарына ерекше назар аудару қажет.

Қашықтан оқыту жағдайында сабақтарды өткізу нысаны бойынша АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысына келесі жұмыстарды орындауға ұсыныс беріледі:

1. Білім алушылардың үйде орындауы үшін физикалық және саптық жаттығулар (2 оқу тапсырмасынан артық емес) кешенін әзірлеу.

2. Ұсынылған бейне-ресурстар бойынша физикалық және саптық жаттығулар кешенін көру мен орындау немесе білім алушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының ұсынымдарын қарау және орындау.

3. Білім алушылар АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыдан оқу тапсырмаларын мектеп кестесіне сәйкес, сабақ күні алады (3-қосымша).

4. Білім алушылар орындалған жазбаша оқу тапсырмаларын АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысына көрсетілген мерзімде интернет-платформаларды, стримингтік алаңдарды, WhatsApp және басқа мессенджерлерді пайдалану арқылы жібереді.

1-ҚОСЫМША

Далалық-оқу жаттығу жиыны мазмұны бойынша бейне-ресурстардың тізімдемесі

Бөлім, тақырыптар, сағаттар саны

Бейнероликтердің сілтемесі

Тактикалық дайындық (14 сағ.)

1. *Тақырып.* Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы – 2 сағ.

<https://www.youtube.com/watch?v=Y30H05G1aRs>
<https://www.youtube.com/watch?v=WqMOR7GVV2o>

2. *Тақырып.* Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі – 1 сағ.

<https://www.youtube.com/watch?v=axgeDANFuNw>
<https://www.youtube.com/watch?v=fagaestpfNE>

3. *Тақырып.* Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу – 2 сағ.

<https://www.youtube.com/watch?v=mQLTy-xM65I>
<https://www.youtube.com/watch?v=4cbbGO2V7r8&t=6s>

4. *Тақырып.* Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері – 1 сағ.

<https://www.youtube.com/watch?v=aPxtbwV4LgU>
<https://www.youtube.com/watch?v=Y5GDCI9drag>
<https://www.youtube.com/watch?v=RHN-1Q5b7uw&t=102s>

5. *Тақырып.* Қорғаныстағы сарбаз – 3 сағ.

<https://www.youtube.com/watch?v=iwrvavgvQyzw>
<https://www.youtube.com/watch?v=Y5GDCI9drag>
<https://www.youtube.com/watch?v=kUElyzZlp7Y>

6. *Тақырып.* Шабуылдағы сарбаз – 3 сағ.

<https://www.youtube.com/watch?v=1Xv3s6bZkqQ>
<https://www.youtube.com/watch?v=Y5GDCI9drag>
<https://www.youtube.com/watch?v=bHuXoUyEhLU>

7. *Тақырып.* Бақылаушы сарбаз – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=Y5GDCI9drag>
<https://www.youtube.com/watch?v=dYTr33vd0-A>
8. *Тақырып.* Шолушы сарбаз – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=3R7YO6dDVeI>
<https://www.youtube.com/watch?v=3t1IP7dfKFA>
- Атыс дайындығы (6 сағ.)*
1. *Тақырып.* Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=iSPnoYTSBls&t=2s>
<https://www.youtube.com/watch?v=nm1oOHUroi0>
https://www.youtube.com/watch?v=ICbpjnB9Y_0
2. *Тақырып.* Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка) – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=LnWeBtas4CI>
<https://www.youtube.com/watch?v=MablN-OQLy0>
3. *Тақырып.* Қол гранаталарын лақтыру – 2 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=cwHrZiovlAo>
<https://www.youtube.com/watch?v=YsV71pXCsgM>
<https://www.youtube.com/watch?v=17ABnRdMtyU>
<https://www.youtube.com/watch?v=LnWeBtas4CI>
4. *Тақырып.* Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату – 2 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=0iITDtOJI7E>
<https://www.youtube.com/watch?v=mJPEpoM3LLk>
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары (4 сағ.)*
1. *Тақырып.* Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=O-U7De5TRrE>
<https://www.youtube.com/watch?v=dUeitCQysNE>
2. *Тақырып.* Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=HLFyNsySJrE>
<https://www.youtube.com/watch?v=tRLxW0gZ1rY>
3. *Тақырып.* Сақшының міндеттері – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=YrWNjipVP8c>
<https://www.youtube.com/watch?v=Rn9AjYABYjw>
4. *Тақырып.* Бекеттегі сақшының міндеттері және орындайтын әрекеттері – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=sFudcKpX9Zg>
<https://www.youtube.com/watch?v=PGd29pkWapo>
- Саптық дайындық (4 сағ.)*
1. *Тақырып.* Әскери сәлемдесу – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=iv1W0ub-qww>
<https://www.youtube.com/watch?v=efuX-pZHS0E&t=16s>
https://www.youtube.com/watch?v=8hw1kNP_f-8&t=3s
2. *Тақырып.* Саптан шығу және қайта сапқа тұру – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=AMj-u6oLCKY>
<https://www.youtube.com/watch?v=ZZ0weHOqeXM>
3. *Тақырып.* Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын қимылдар – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=efuX-pZHS0E&t=16s>
<https://www.youtube.com/watch?v=oCZpfksI5-A>
4. *Тақырып.* Бөлімшенің сабы – 1 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=kAgWEzu9nJ8>
- Әскери топография (2 сағ.)*
1. *Тақырып.* Азимут бойынша қозғалыс. Көкжиек тұстарын және магнитті азимутты анықтауға жаттығу. – 2 сағ. <https://www.youtube.com/watch?v=rNpQhBg2aco&t=11s>
<https://www.youtube.com/watch?v=fiEe6ShlHTc>
<https://www.youtube.com/watch?v=0wVbDqWX94c>
<https://www.youtube.com/watch?v=QRZp-Obew50&t=9s>

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша далалық-оқу жиындарының тақырыптарында ұсынылатын бейне-ресурстар тізімі 10-сыныптың IV

тоқсанда өткізілетін күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес жасалған. «Далалық-оқу жиындары» бойынша қашықтан оқыту сабақтары, қазақ және орыс тілдерінде 30 сабақ дайындалды. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша жасалған жұмыс ұйымдастырушы-мұғалімдер мен әдіскерлерге ұсынылады.

2-ҚОСЫМША

Далалық-оқу жиынының мазмұны

Тактикалық дайындық (14 сағ.)

1. Тақырып. Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы және әскери техникасы – 2 сағ.
2. Тақырып. Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі – 1 сағ.
3. Тақырып. Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу – 2 сағ.
4. Тақырып. Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері – 1 сағ.
5. Тақырып. Қорғаныстағы сарбаз – 3 сағ.
6. Тақырып. Шабуылдағы сарбаз – 3 сағ.
7. Тақырып. Бақылаушы сарбаз – 1 сағ.
8. Тақырып. Шолушы сарбаз – 1 сағ.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері,
басқа да әскерлер және әскери
құралымдарының жалпыәскери жарғылары (4
сағ.)

1. Тақырып. Әскери бөлімнің (бөлімшенің) орналасуы, өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігі – 1 сағ.
2. Тақырып. Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері – 1 сағ.
3. Тақырып. Сақшының міндеттері – 1 сағ.
4. Тақырып. Бекеттегі сақшының міндеттері және орындайтын әрекеттері – 1 сағ.

Әскери топография (2 сағ.)

Тема 1. Тақырып. Азимут бойынша қозғалыс. Көкжиек тұстарын және магнитті азимутты анықтауға жаттығу – 2 сағ.

Атыс дайындығы (6 сағ.)

1. Тақырып. Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары – 1 сағ.
2. Тақырып. Атуға ыңғайлануға жаттығу (АК-74, пневматикалық винтовка) – 1 сағ.
3. Тақырып. Қол гранаталарын лақтыру – 2 сағ.
4. Тақырып. Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату – 2 сағ.

Саптық дайындық (4 сағ.)

1. Тақырып. Әскери сәлемдесу – 1 ч.
2. Тақырып. – Саптан шығу және сапқа қайта тұру. Бастыққа келу және одан кету – 1 сағ.
3. Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар – 1 сағ.
4. Тақырып. Бөлімшенің сабы – 1 сағ.

Қашықтан оқыту жағдайында жалпы білім беретін мектептердің 10-сынып ер балаларымен далалық-оқу жиындарын өткізу жоспары 2019-2020 оқу жылы

Бағдарлама бөлімдерінің атауы	Сағаттар саны	Өткізілетін күндері мен сағат саны																																						
		1-күн						2-күн						3-күн						4-күн						5-й день														
		1	2	3	4	5	6	1	2	3	4	5	6	1	2	3	4	5	6	1	2	3	4	5	6	1	2	3	4	5	6									
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	4																																							
Тактикалық дайындық	14	Т 1 - 1	Т 1 - 1					Т 2 - 1	Т 4 - 1					Т 3 - 1	Т 3 - 1											Т 5 - 1	Т 5 - 1	Т 5 - 1				Т 6 - 1	Т 6 - 1	Т 6 - 1				Т 7 - 1	Т 8 - 1	
Атыс дайындығы	6									Т 1 - 1	Т 2 - 1								Т 3 - 1	Т 3 - 1									Т 4 - 1	Т 4 - 1										
Саптық дайындық	4				Т 1 - 1	Т 2 - 1																					Т 3 - 1											Т 4 - 1		
Әскери топография	2														Т 1 - 1	Т 1 - 1																								
Барлығы	30	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1				

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар жобасы

10 сынып

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыбы/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Кіріспе сабағы	Білім алушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындықтарының мақсаты, міндеттері және мазмұны	алғашқы әскери және технологиялық дайындықты ұйымдастырудың мақсаттарымен, міндеттерімен және мазмұнымен, сондай-ақ заңнамалық негізімен таныстыру.
1-бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері / Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтерін.	10.1.1.1 Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қорғаныс саласына қатысты негізгі нормаларды анықтау; 10.1.1.2 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын жіктеуді үйрену; 10.1.1.3 мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы қорғанысының рөлі жайында қорытынды жасау.
	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары/ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттерін.	10.1.2.1 әскери қызметтің маңызы мен рөлі туралы дұрыс түсінік алу; 10.1.2.2 өз елің қорғаудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінесіңдер; 10.1.2.3 Отан алдындағы қасиетті борышты орындау үшін жеке дайындық деңгейін бағалау.
	Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары/ Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың өзіндік сипаттары. Қазіргі әлемдегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаю себептерін қамтиды.	10.1.3.1 экстремизм және терроризмнің туындау себептерін талқылау; 10.1.3.2 экстремизм және терроризмнің өзіндік сипаттарын атап, қауіп-қатер дәрежесін салыстыру; 10.1.3.3 зерттелген материалды әлемде болып жатқан оқиғалармен салыстыру.
2-бөлім. Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының	10.2.1.1 Қарулы Күштерде тәртіп пен реттілікті қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін түсіну;

Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары	жалпыәскери жарғылары/ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілері.	10.2.1.2 әскери атақтар мен айырым белгілерін есте сақтау; 10.2.1.3 әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін білу және түсіндіру.
	Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары/ Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасауды	10.2.2.1 «бастық», «бағынышты» негізгі ұғымдарын түсіндіру; 10.2.2.2 бұйрық беру және оны орындау тәртібін анықтау; 10.2.2.3 әскери қызметшілердің әскери әдептілік пен мінез-құлық ережелерін сақтау маңыздылығын негіздеу.
	Әскери тәртіп, оның мәні мен мағынасы/ Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалауларды қамтиды.	10.2.3.1 әскери тәртіп немен негізделеді және немен қол жеткізіледі; 10.2.3.2 тәртіптік сипаттағы шараларды қарастыру; 10.2.3.3 әскери тәртіпті сақтаудың маңыздылығын бағалау.
3-бөлім. Тактикалық дайындық	Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері/ Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техника. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктерін қамтиды.	10.3.1.1 қазіргі заманғы жалпы ұрыс және оның түрлері туралы жалпы түсінік алу; 10.3.1.2 мотоатқыштар бөлімшесінің құрамын, қару-жарағын және жауынгерлік мүмкіндіктерін білу; 10.3.1.3 шабуылда және қорғаныста бөлімшенің жауынгерлік тәртібін анықтау.
2-тоқсан		
4-бөлім. Атыс дайындығы	Калашников автоматы және қол пулеметі/ Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмін.	10.4.1.1 қару мен патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларын білу; 10.4.1.2 Калашников автоматы және қол пулеметінің жалпы құрылымы мен жұмыс принципін зерттеу; 10.4.1.3 баллистика және ату теориясы саласындағы білім қажеттілігін түсіндіру.
	Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау/ Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен	10.4.2.1 Калашников автоматын толық бөлшектеу және жинақтау тәртібімен танысу; 10.4.2.2 автоматтың (пулеметтің) бөлшектері мен механизмдерінің мақсатын есте сақтау және

	механизмдерінің, патронының құрылысын.	бөлшектеу және жинақтау тәртібінің сақталуын түсіндіру.
	Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау/ Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдары.	10.4.3.1 Калашников автоматты мен ұрыстық патрондарды атуға дайындаудың негізгі ережелерін есте сақтау; 10.4.3.2 автоматты тазалау және майлау тәртібін анықтау; 10.4.3.3 автоматты сақтау және күнделікті тексеру шарттарының маңыздылығын түсіну.
	Жарықшақты қол гранаталары/ Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы. Гранатаны лақтыруға дайындауды қамтиды.	10.4.4.1 гранаталардың қолданылуы мен ұрыстық қасиеттерімен танысу; 10.4.4.2 жарықшақты қол гранаталарының құрылысындағы айырмашылықтар мен олардың әрекет ету принципін түсіну; 10.4.4.3 Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысын зерттеу.
5-бөлім. Саптық дайындық	Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс/ Сап және оның элементтері. Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс пәрмендерін орындау.	10.5.1.1 саптың негізгі элементтерін және олардың анықтамаларын білу; 10.5.1.2 сапты басқару кезінде команда беру тәртібін анықтау; 10.5.1.3 саптық тәсілдердің орындалуын көрсету.
	Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым/ Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру. Саптық және жорықтық адыммен қозғалысты қамтиды.	10.5.2.1 бөлімше құрамында орнында бұрылу, қайта сапқа тұруды орындау; 10.5.2.2 қозғалу тәртібін, жорықтық және саптық қадам мөлшерін анықтау; 10.5.2.3 қозғалыс жылдамдығын өзгерте отырып, жорықтық және саптық қадаммен адымдауды көрсету.
6-бөлім. Әскери топография	Жергілікті жерде картасыз бағдарлау/ Бағдарлау туралы түсінік. Компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме жасауды қамтиды.	10.6.1.1 көкжиек тұстарын анықтау тәсілдері мен бағдарлау туралы негізгі ұғымдарды анықтау; 10.6.1.2 жергілікті жерде әртүрлі тәсілдермен бағдарлай білу дағдыларын пысықтау; 10.6.1.3 өзінің орналасқан жері туралы бағдар бере білу.
	Магнитті азимутты анықтау/ Азимут және оны анықтау. Жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары. Спутниктік-навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтерді қамтиды: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo.	10.6.2.1 жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтарын зерделеу; 10.6.2.2 заманауи спутниктік навигация жүйелері туралы талқылау; 10.6.2.3 магниттік азимутты анықтау тәртібін таңдау.
3-тоқсан		

7-бөлім. Әскери роботты техникаларды ң негіздері	Әскери роботты техникалардың негіздері/ Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалануды	10.7.1.1 әскери робот техникасы және роботтарды әскери істе қолданудың негізгі бағыттары туралы түсінік алу; 10.7.1.2 роботтарды олардың мақсаты бойынша жіктеу және қолдану артықшылықтарын талдау.
	Роботтарды басқару алгоритмі/ Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері.	10.7.2.1 роботтарды басқару тәсілдері туралы түсінік алу; 10.7.2.2 роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау үшін қажетті алгоритмдер туралы хабарлар анықтау және робот техникасының пайдалану келешегін бағалау.
	Роботтарға арналған тапсырмалар/ Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібін қамтиды.	10.7.3.1 ұрыстық роботтардың атқару мүмкіндіктерін зерделеу; 10.7.3.2 жеке тактикалық міндеттер қою және шешу тәсілдерін талқылау мен әртүрлі жағдайда роботтарды қолданудың тиімділігі бойынша қорытынды жасау.
8-бөлім. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологияла р негіздері	Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы/ Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуы.	10.8.1.1 адам өмірінің қауіпсіздігі негіздерін оқытудың мақсаттарын анықтау; 10.8.1.2 оқу орнының азаматтық қорғау құрылымының ұйымдастырылуы, оның атқаратын міндеттерін талқылау; 10.8.1.3 адамдарды қорғау бойынша өткізілетін іс-шаралардың маңыздылығын түсіндіру.
	Ядролық қару және оның сипаттамасы/ Ядролық жарылыстардың түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары және олардан қорғану тәсілдері. Ядролық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы. Нейтронды оқ-дәрілердің зақымдаушы әсерінің ерекшеліктері.	10.8.2.1 ядролық қаруды қолданудың апаттық салдары туралы түсінік қалыптастыру; 10.8.2.2 ядролық жарылыс түрлері мен олардың зақымдаушы факторларын есте сақтау; 10.8.2.3 ядролық жарылыстың зақымдаушы факторларынан қорғаудың негізгі тәсілдерін анықтау.
	Химиялық қару/ Химиялық қару және оны қолдану белгілері. Улаушы заттар, олардың улағыш қасиеті және олардан қорғану тәсілдері туралы қысқаша түсінік. Химиялық зақымдау ошағы, зақымдаудың алғашқы және екінші аумағы.	10.8.3.1 улағыш заттарды адам ағзасына әсері бойынша жіктеу; 10.8.3.2 қолдану белгілері бойынша химиялық қаруды тани білу.
	Биологиялық (бактериологиялық) қару/ Биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақымдаушы әсері, қолдану белгілерін анықтау. Бактериологиялық құралдар,	10.8.4.1 бактериологиялық құралдардың сипаттарына қарай зақымдаушы әсерін анықтау; 10.8.4.2 бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін негізгі іс-

	олардың улағыш әсері және олардан қорғану құралдары туралы қысқаша сипаттама. Бактериологиялық зақымдау ошағы, оның сипаттамасы. Бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін іс-шаралар. Карантин және обсервация.	шараларға сипаттама беру; 10.8.4.3 биологиялық қарудан қорғанудың негізгі құралдарын білу.
4-тоқсан		
8-бөлім. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары/ Жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы. Азаматтық газтұмылдырықтар құрылысының ерекшеліктері. Сауыт-қорғанысты (маска) таңдау, жарамдылығын тексеру, газтұмылдырықты жинау және қалтаға салу. Газтұмылдырықты алып жүру және пайдалану тәртібі, зақымдалған адамға газтұмылдырық кигізу тәсілдері. Жарамсыз газтұмылдырықты пайдалану.	10.8.5.1 жеке қорғаныс құралдарына жататын құралдардың негізгі тобын анықтау; 10.8.5.2 жалпыәскери газтұмылдырықтың құрылысы, қолданылуы және жұмыс істеу қағидатын зерделеу; 10.8.5.3 газтұмылдырықты алып жүру және пайдалану тәртібін көрсету; 10.8.5.4 тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдарын жасауды үйрену.
	Теріні қорғаудың жеке құралдары/ Теріні қорғауға арналған қарапайым құралдар, қосымша герметизациялау және сіндіру арқылы олардың қорғаныс қасиеттерін арттыру. Арнайы қорғаныс киімінің (Л-1 жеңіл қорғаныс кеудеше, сүзгілі қорғаныс киімі, жалпыәскери қорғаныс жабдығы) атқаратын қызметімен және оларды пайдалану ережелерімен танысу.	10.8.6.1 теріні қорғау мақсатында қолда бар құралдарды қосымша қымтау мен сіндіруді үйрену; 10.8.6.2 арнайы қорғаныс киімін қолдану; 10.8.6.3 арнайы қорғаныс киімін пайдалану ережесін анықтау және есте сақтау.
	Ұжымдық қорғану құралдары/ Радиацияға қарсы тасалар мен панаханалар, олардың қорғау қасиеттері, жалпы құрылысы және іштей жабдықталуы. Қарапайым тасаны.	10.8.7.1 азаматтық қорғанысқа жататын арнайы қорғаныс құрылыс түрлерін анықтау; 10.8.7.2 қорғау қасиеттеріне қарай қорғану құрылыстарын салыстыру; 10.8.7.3 үй-жайдың панаға арналған құрылыстары бейімдеу мүмкіндіктерін талқылау.
	Эвакуациялау және халықты белгілеп шоғырландыру/ Азаматтық қорғаныс дабылы және ол бойынша әрекет ету тәртібі. Эвакуациялау және орналастыру тәсілдері мен тәртібі. Эвакуацияланаушылардың міндеттері, олардың керек-жарақтары, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түліктері. Эвакуация бекетіндегі тәртіп, жүру бағыты және орналасатын орынға келу ережелер тәртібі.	10.8.8.1 төтенше жағдайларда және жаппай қырып-жою қаруларының қаупі төнгенде тұрғындарды хабарландыру тәсілдерін еске түсіру; 10.8.8.2 эвакуация жүргізу кезінде тәртіп ережелерін әзірлеу; 10.8.8.3 эвакуация жарияланған кезде жеке заттар мен құжаттарды дайындауды пысықтау.

<p>Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі/ Террорлық актілер бойынша қауіп-қатер төнген және террор болған кездегі азаматтардың атқаратын әрекеттері. Түрлі деңгейдегі қауіп-қатер төнген кезде әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіпінің алдын алуда ақпараттық технологияның тиімділігі.</p>	<p>10.8.9.1 террорлық акт жасалғанда және қауіп-қатер төнген кезінде атқарылатын негізгі әрекеттерді есте сақтау; 10.8.9.2 террорлық қауіптің әртүрлі деңгейінде тұрғындардың әрекет ету ережелеріне талдау жасау; 10.8.9.3 террористік ықпалға қарсы тұру құралдарын талқылау.</p>
<p>Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері/ Табиғи апаттар, зілзалалар, олардың сипаттамалары және келтіруі мүмкін салдары. Табиғи апаттар және зілзалалар кезіндегі адамдардың әрекет ету тәртібі. Адамдардың табиғи апат салдарын жоюға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысулары.</p>	<p>10.8.10.1 табиғи, сұрапыл апат және авария сипаттарының салдарынан туындайтын зардаптарды түсіну; 10.8.10.2 табиғи, сұрапыл апаттар, авариялар және зілзалалар кезіндегі адамдардың тәртіп сақтау ережелерін білу; 10.8.10.3 авария және сұрапыл апаттардың зардабын жою, сонымен қатар құтқару жұмыстарына тұрғындарды қатыстыру маңыздылығын түсіндіре білу.</p>
<p>Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек/ Жарақат және олардың асқыну себептері туралы түсінік. Қансырау түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық деңгейлері. Естен танудың себебі. Жарақат алу және қансыраған кезде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Асептика және антисептика туралы түсініктер.</p>	<p>10.8.11.1 жарақаттар, қан кету түрлері және олардың салдарынан болатын асқыну сипаттамасын түсіндіру; 10.8.11.2 қан кету кезінде көрсетілетін алғашқы көмек беру іс-қимыл алгоритмін анықтау; 10.8.11.3 медициналық көмек көрсету үшін арнайы және қолда бар құралдарды қолдану ережелерін білу.</p>
<p>Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек/ Сүйектің сынуы және оларды анықтау туралы түсінік. Соғып алу, шығып кету, буынның созылуы және оларды анықтау белгілері. Шина салудың негізгі ережелері. Түрлі қайғылы оқиға орын алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері; Үсік шалу, күнге күйю және жылудың әсері, олардың алдын алу және көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Электр тогы соққан кезде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек және көмек көрсеткен кезде сақтауы керек қауіпсіздік шараларын қамтиды.</p>	<p>10.8.12.1 медициналық көмек көрсетудің жекелеген тәсілдерінің ретін анықтау; 10.8.12.2 аяқ-қол сынғанда иммобилизация жасау тәсілдерін қолдана білу жаттығуларын орындау; 10.8.12.3 үсік шалу, күнге күйю және жылудың әсері, ыстық өтудің алдын алу шараларын талқылау.</p>

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыбы/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім. Әскери қызметтің құқықтық негіздері	Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі – Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдары	11.1.1.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, әскери қызмет өткеру тәртібін регламенттейтін заңдардың талаптарын білу; 11.1.1.2 өз елін қорғаудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсіну; 11.1.1.3 Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызметке дайындық кезінде алған білімдерін қолдану.
	Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттерін сақтау – Әскери есепке алу, әскери қызметке даярлау, әскери қызметке кірісу. Әскери қызмет (баламалы, келісімшарт бойынша), запаста болу	11.1.2.1 Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери есепке алу ережелерін білу; 11.1.2.2 Қарулы Күштердегі қызметке дайындықтың маңызын түсіну; 11.1.2.3 шақыру учаскелеріне тіркеуден өту, білім беру ұйымдарында әскери дайындық бойынша оқудан өту кезінде алған білімдерін қолдану.
	Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері – Әскери қызметті өткеру тәртібі мен мазмұны. Әскери қызмет мерзімі. Әскери қызметшінің мәртебесі. Әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері	11.1.3.1 әскери қызмет өткеру тәртібін, әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттерін білу; 11.1.3.2 мемлекет өз қорғаушылары туралы қандай қамқорлық көрсеткенін түсіну; 11.1.3.3 өз Отанын қорғау қажеттілігін саналы түсіну үшін алған білімдерін қолдану.
2-бөлім. Атыс дайындығы	Ату негіздері – Атыс құбылысы. Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы. Қарудың тебілісі. Траекторияның пайда болуы. Оқтың тесіп өту және қиратқыш әрекеті. Тура атудың практикалық маңызы	11.2.1.1 автоматтан ату кезінде атудың негіздері мен ережелерін білу; 11.2.1.2 ату кезінде болатын процестерді түсіну және олардың атыс нәтижелеріне әсері; 11.2.1.3 практикалық атыстарды орындау кезінде алынған дағдыларды қолдану.
	Ату ережесі – Арақашықтықты	11.2.2.1 қашықтықты анықтау

	мыңдық формула арқылы анықтау тәсілдері. Көздеу (дәлдеу) элементтері. Қозғалмайтын нысандар бойынша көздеу нүктесін және көздегішті тағайындау	тәсілдерін, нысаналау элементтерін білу; 11.2.2.2 практикалық ату үшін мақсатқа дейінгі қашықтықты анықтай білудің маңыздылығын түсіну; 11.2.2.3 алынған білімді түрлі жауынгерлік жағдайда және атыс жүргізу тәжірибесінде қолдану.
3-бөлім. Саптық дайындық	Саптық тәсілдер және қозғалыс – Саптық тәсілдерді орнында тұрып орындау. Қозғалыста орындалатын саптық тәсілдер	11.3.1.1 саптық тәсілдерді орындау тәртібін білу; 11.3.1.2 жауынгерлік оқыту үшін саптық дайындықтың мәнін түсіну; 11.3.1.3 жауынгерлік дайындықтың басқа түрлерінде саптық тәсілдерді қолдану.
	Бөлімшені сапқа тұрғызу – Бөлімшенің кеңейтілген сапқа тұруы. Бөлімшені жорықтық сапқа тұрғызу. Саптық тәсілдерді орнында және қозғалыста орындау	11.3.2.1 саптық тәсілдерді орындау тәртібін білу; 11.3.2.2 әскерлердің жауынгерлік даярлығының мәнін түсіну; 11.3.2.3 жауынгерлік дайындықтың басқа түрлерінде саптық тәсілдерді қолдану.
2-тоқсан		
4 -бөлім. Технологиялық дайындық	Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері – Қазақстан Республикасының жол жүру саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілері. Көлік құралдарының санаттары. Жүргізушінің жұмыс орны	11.4.1.1 Қазақстан Республикасының жол қозғалысы саласындағы заңдары мен өзге де құқықтық актілерін түсіну; 11.4.1.2 жол қозғалысына қатысушылардың негізгі міндеттерін түсіндіру; 11.4.1.3 көлік құралдарының санатын, жүргізушінің жұмыс орнын білу.
	Жол қозғалысына қатысушылардың міндеттері – Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерінде қамтылған негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттары	11.4.2.1 Жол жүрісі қағидаларындағы негізгі терминдерді түсіну және түсіндіру; 11.4.2.2 жол қозғалысына қатысушылардың негізгі міндеттерін түсіндіру; 11.4.2.3 көлік құралдарын пайдалану кезінде қажетті құжаттарды білу.
	Бағдаршамдар мен реттеушінің сигналдары – Бағдаршам мен реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды қолдану. Авариялық сигнал беру және авариялық тоқтату белгісін қолдану. Маневрлер. Көлік құралдарын жолдың жүру бөлігіне	11.4.3.1 жол қозғалысына қатысушылар үшін сигнал беру тәсілдерін жіктеу; 11.4.3.2 апаттық сигнал беру ережесін және авариялық тоқтату белгісін есте сақтау; 11.4.3.3 «маневр жасау» ұғымын

	қою	түсіндіру; 11.4.3.4 көлік құралдарын орналастыру тәсілдерін қолдану.
